

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СТАТИСТИКА АГЕНТТІГІ**

«Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (ерекше бөлігі)» сәйкес бұл материал көбейтуге (көшіруге) жатпайды, статистикалық ақпараттарды өз жарияланымдарында (басылымдарында) пайдаланған жағдайда Қазақстан Республикасы Статистика агенттігіне сілтеме жасау міндетті.

В соответствии с «Гражданским кодексом Республики Казахстан (особенная часть)» данный материал не подлежит размножению (копированию), при использовании статистической информации в своих публикациях (изданиях) обязательна ссылка на Агентство Республики Казахстан по статистике.

### **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ**

### **СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

2013 жылғы қаңтар-желтоқсан  
январь-декабрь 2013 года

**Астана 2014**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ****Ай сайынғы ақпараттық-талдамалы  
журнал**

1991 жылдан бастап шығады

**Құрылтайшы:** Қазақстан Республикасы  
Статистика агенттігі

Бас редактор – **Ә. Смайылов**

**«Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы»** журналы ай сайынғы негізде үш томда құрастырылады: талдамалы баяндама, біраз жылдар деректерімен электрондық тасымалдаушыда (CD-диск) кестелік материал, шағын жинақ.

Журнал есепті айда Қазақстан Республикасы әлеуметтік-экономикалық дамуының барлық негізгі керсеткіштерш камтиды.

Ай сайынғы негізде мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланады. Мемлекеттік басқару қызметкерлері, ғылыми орталар және мүдделі тұлғаларға арналған. Журналдың толық мәтінін Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) Интернет-ресурсынан алуға болады.

**Мекен-жайы:** Қазақстан Республикасы, 010000  
Астана қаласы, Сол жағалау, Министрліктер Үйі,  
Орынбор 8  
Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі  
**Телефон:** 8 (7172) 74-92-95  
**Факс:** 8 (7172) 74-95-46  
**Электрондық мекен-жай:** [statistika@stat.kz](mailto:statistika@stat.kz)  
**Интернет-ресурс:** <http://www.stat.gov.kz>

**Шартты белгілер:**

-- құбылыс жоқ  
0,0 – болмашы шама  
... – деректер жоқ

Жалпы таралымы - 300 дана  
Көлемі 16,56 ЕБТ

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 2002 жылғы 14 тамызда тіркелген №3156-Ж

**СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН****Ежемесячный информационно-аналитический  
журнал**

Издается с 1991 года

**Учредитель:** Агентство Республики Казахстан по статистике

Главный редактор – **А. Смаилов**

**Журнал «Социально-экономическое развитие Республики Казахстан»** формируется на ежемесячной основе в трех томах: аналитический доклад, табличный материал с данными за ряд лет на электронном носителе (CD-диск), карманный сборник.

Журнал включает все основные показатели социально-экономического развития Республики Казахстан за отчетный месяц.

Публикуется на государственном и русском языках на ежемесячной основе. Предназначен для работников государственного управления, научных кругов и заинтересованных лиц.

Полный текст Журнала доступен на Интернет-ресурсе Агентства Республики Казахстан по статистике [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz).

**Адрес:** Республика Казахстан, 010000  
г. Астана, Левый берег, Дом Министерств,  
Орынбор 8  
Агентство Республики Казахстан по статистике  
**Телефон:** 8 (7172) 74-92-95  
**Факс:** 8 (7172) 74-95-46  
**Электронный адрес:** [statistika@stat.kz](mailto:statistika@stat.kz)  
**Интернет-ресурс:** <http://www.stat.gov.kz>

**Условные обозначения:**

-- явление отсутствует  
0,0 – незначительная величина  
... – данные отсутствуют

Общий тираж - 300 экз.  
Объем 16,56 УПЛ

Журнал зарегистрирован в Министерстве культуры, информации и общественного согласия Республики Казахстан 14 августа 2002г. №3156-Ж

## МАЗМҰНЫ

<b>1</b>	<b>НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР.....</b>	<b>5</b>
<b>2.</b>	<b>ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР.....</b>	<b>8</b>
2.1	ХАЛЫҚ САНЫ.....	8
2.2	ХАЛЫҚТЫҢ КӨШІ-ҚОНЫ.....	9
2.3	ХАЛЫҚТЫҢ АУРУ-СЫРҚАУЛЫҒЫ.....	10
2.4	ХАЛЫҚТЫ ЗЕЙНЕТАҚЫМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ.....	11
2.5	ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ.....	12
<b>3.</b>	<b>ТҰРМЫС ДЕҢГЕЙІ.....</b>	<b>13</b>
3.1	ХАЛЫҚТЫҢ ТАБЫСТАРЫ.....	13
3.2	КҮНКӨРІСТІҢ ЕҢ ТӨМЕНГІ ДЕҢГЕЙІНІҢ ШАМАСЫ.....	14
<b>4.</b>	<b>ЕҢБЕК РЫНОГЫ ЖӘНЕ ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУ.....</b>	<b>15</b>
4.1	ЖАЛДАНЫП ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУ.....	15
4.2	ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ.....	16
4.3	ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУ.....	17
<b>5.</b>	<b>БАҒАЛАР.....</b>	<b>18</b>
5.1	ТҰТЫНУ БАҒАЛАРЫНЫҢ ИНДЕКСІ.....	18
5.2	ӨНДІРУШІ КӘСІПОРЫНДАР БАҒАСЫНЫҢ ИНДЕКСІ.....	19
5.3	АУЫЛ, ОРМАН ЖӘНЕ БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ БАҒА ИНДЕКСІ.....	20
5.4	ҚҰРЫЛЫСТАҒЫ БАҒА ИНДЕКСІ.....	21
5.5	ТҰРҒЫН ҮЙ РЫНОГЫНДАҒЫ БАҒА.....	22
5.6	КӨТЕРМЕ САУДА БАҒАЛАРЫНЫҢ ИНДЕКСІ.....	23
5.7	ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРҒА КӨРСЕТІЛГЕН ЖҮК КӨЛІГІ, ПОЧТАЛЫҚ, КУРЬЕРЛІК ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ ТАРИФТЕРДІҢ ИНДЕКСТЕРІ.....	24
5.8	СЫРТҚЫ САУДА БАҒАЛАРЫНЫҢ ИНДЕКСІ.....	25
<b>6.</b>	<b>ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА .....</b>	<b>26</b>
6.1	ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНДИКАТОР.....	26
6.2	ЖАЛПЫ ІШКІ ӨНІМ.....	27
6.3	ТӨЛЕМ БАЛАНСЫ.....	30
6.4	ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІНІҢ ИНДЕКСТЕРІ.....	31
6.5	НЕГІЗГІ КАПИТАЛҒА САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАР.....	32
6.6	ОТЫН-ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ РЕСУРСТАР (ОЭР).....	33
6.7	БИЗНЕС ТІРКЕЛІМІ.....	34
<b>7.</b>	<b>САУДА.....</b>	<b>35</b>
7.1	ІШКІ САУДА.....	35
7.2	РЕСУРСТАР БАЛАНСЫ ЖӘНЕ ЖЕКЕЛЕГЕН ТАУАРЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ.....	36
7.3	СЫРТҚЫ САУДА АЙНАЛЫМЫ.....	37
<b>8.</b>	<b>ЭКОНОМИКАНЫҢ НАҚТЫ СЕКТОРЫ.....</b>	<b>38</b>
8.1	ӨНЕРКӘСІП ӨНДІРІСІ.....	38
8.2	АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ.....	40
8.3	ҚҰРЫЛЫС.....	41
8.4	ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ.....	42
8.5	КӨЛІК.....	43
8.6	ПОЧТАЛЫҚ ЖӘНЕ КУРЬЕРЛІК ҚЫЗМЕТ. БАЙЛАНЫС.....	45
8.7	ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК МОНИТОРИНГІ.....	46
8.8	ІСКЕРЛІК ЖӘНЕ ТҰТЫНУШЫЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІК.....	48
<b>9.</b>	<b>ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ.....</b>	<b>49</b>
9.1	МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫ.....	49
9.2	АҚША-КРЕДИТ СТАТИСТИКАСЫ.....	50
9.3	АҚША-КРЕДИТ ЖҮЙЕСІНІҢ КРЕДИТТЕРІ МЕН ДЕПОЗИТТЕРІ.....	51
9.4	КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ҚАРЖЫСЫ.....	53
<b>10.</b>	<b>ӨҢІРЛЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ.....</b>	<b>54</b>

## СОДЕРЖАНИЕ

<b>1.</b>	<b>ОСНОВНЫЕ ПОКАЗАТЕЛИ.....</b>	<b>70</b>
<b>2.</b>	<b>СОЦИАЛЬНО-ДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ПОКАЗАТЕЛИ.....</b>	<b>73</b>
2.1	ЧИСЛЕННОСТЬ НАСЕЛЕНИЯ.....	73
2.2	МИГРАЦИЯ НАСЕЛЕНИЯ.....	74
2.3	ЗАБОЛЕВАЕМОСТЬ НАСЕЛЕНИЯ.....	75
2.4	ПЕНСИОННОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ И СОЦИАЛЬНАЯ ЗАЩИТА НАСЕЛЕНИЯ.....	76
2.5	ПРЕСТУПНОСТЬ.....	77
<b>3.</b>	<b>УРОВЕНЬ ЖИЗНИ.....</b>	<b>78</b>
3.1	ДОХОДЫ НАСЕЛЕНИЯ.....	78
3.2	ВЕЛИЧИНА ПРОЖИТОЧНОГО МИНИМУМА.....	79
<b>4.</b>	<b>РЫНОК ТРУДА И ОПЛАТА ТРУДА.....</b>	<b>80</b>
4.1	ЗАНЯТОСТЬ ПО НАЙМУ.....	80
4.2	БЕЗРАБОТИЦА И ОБЕСПЕЧЕНИЕ ЗАНЯТОСТИ.....	81
4.3	ОПЛАТА ТРУДА.....	82
<b>5.</b>	<b>ЦЕНЫ.....</b>	<b>83</b>
5.1	ИНДЕКС ПОТРЕБИТЕЛЬСКИХ ЦЕН.....	83
5.2	ИНДЕКС ЦЕН ПРЕДПРИЯТИЙ-ПРОИЗВОДИТЕЛЕЙ.....	84
5.3	ИНДЕКС ЦЕН В СЕЛЬСКОМ, ЛЕСНОМ И РЫБНОМ ХОЗЯЙСТВЕ.....	85
5.4	ИНДЕКС ЦЕН В СТРОИТЕЛЬСТВЕ.....	86
5.5	ЦЕНЫ НА РЫНКЕ ЖИЛЬЯ.....	87
5.6	ИНДЕКС ЦЕН ОПТОВЫХ ПРОДАЖ.....	88
5.7	ИНДЕКСЫ ТАРИФОВ НА УСЛУГИ ГРУЗОВОГО ТРАНСПОРТА, ПОЧТОВЫЕ, КУРЬЕРСКИЕ И СВЯЗИ ДЛЯ ЮРИДИЧЕСКИХ ЛИЦ.....	89
5.8	ИНДЕКСЫ ЦЕН ВНЕШНЕЙ ТОРГОВЛИ.....	90
<b>6.</b>	<b>НАЦИОНАЛЬНАЯ ЭКОНОМИКА.....</b>	<b>91</b>
6.1	КРАТКОСРОЧНЫЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ ИНДИКАТОР.....	91
6.2	ВАЛОВОЙ ВНУТРЕННИЙ ПРОДУКТ.....	92
6.3	ПЛАТЕЖНЫЙ БАЛАНС.....	95
6.4	ИНДЕКСЫ ПРОИЗВОДИТЕЛЬНОСТИ ТРУДА.....	96
6.5	ИНВЕСТИЦИИ В ОСНОВНОЙ КАПИТАЛ.....	97
6.6	ТОПЛИВНО-ЭНЕРГЕТИЧЕСКИЕ РЕСУРСЫ (ТЭР).....	98
6.7	БИЗНЕС-РЕГИСТР.....	99
<b>7.</b>	<b>ТОРГОВЛЯ.....</b>	<b>100</b>
7.1	ВНУТРЕННЯЯ ТОРГОВЛЯ.....	100
7.2	БАЛАНС РЕСУРСОВ И ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ОТДЕЛЬНЫХ ТОВАРОВ.....	101
7.3	ВНЕШНЕТОРГОВЫЙ ОБОРОТ.....	102
<b>8.</b>	<b>РЕАЛЬНЫЙ СЕКТОР ЭКОНОМИКИ.....</b>	<b>103</b>
8.1	ПРОМЫШЛЕННОЕ ПРОИЗВОДСТВО.....	103
8.2	СЕЛЬСКОЕ ХОЗЯЙСТВО.....	105
8.3	СТРОИТЕЛЬСТВО.....	106
8.4	ЖИЛИЩНОЕ СТРОИТЕЛЬСТВО.....	107
8.5	ТРАНСПОРТ.....	108
8.6	ПОЧТОВАЯ И КУРЬЕРСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ. СВЯЗЬ.....	110
8.7	МОНИТОРИНГ МАЛОГО И СРЕДНЕГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА.....	111
8.8	ДЕЛОВАЯ И ПОТРЕБИТЕЛЬСКАЯ АКТИВНОСТЬ.....	113
<b>9.</b>	<b>ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА.....</b>	<b>114</b>
9.1	ГОСУДАРСТВЕННЫЕ ФИНАНСЫ.....	114
9.2	ДЕНЕЖНО-КРЕДИТНАЯ СТАТИСТИКА.....	115
9.3	КРЕДИТЫ И ДЕПОЗИТЫ ДЕНЕЖНО-КРЕДИТНОЙ СИСТЕМЫ.....	116
9.4	ФИНАНСЫ ПРЕДПРИЯТИЙ.....	118
<b>10.</b>	<b>СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ РЕГИОНОВ.....</b>	<b>119</b>

# 1. НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

## 1.1 ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДЫҢ ҚЫСҚАША ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

### ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНДИКАТОР

Қысқа мерзімді экономикалық индикатор 2013 жылғы қаңтар-желтоқсанда 2012 жылғы қаңтар-желтоқсанға қарағанда 105,2% құрды. Қысқа мерзімді экономикалық индикаторды есептеу жеделділікті қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады және ЖІӨ-ң 67-68%-н құрайтын ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс сияқты негізгі салалар бойынша шығарылым индекстерінің өзгеруіне негізделеді.

### ТҰРМЫС ДЕҢГЕЙІ

2013 жылғы қарашада халықтың орташа жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыстары бағалау бойынша 56324 теңгені құрады, бұл 2012 жылғы қарашаға қарағанда 7,4% жоғары, ал нақты ақшалай табыс көрсетілген кезеңде 2,6% жоғарылады.

### ЕҢБЕК РЫНОГЫ ЖӘНЕ ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУ

2013 жылғы желтоқсанда жұмыссыздар саны бағалау бойынша 466 мың адамды құрады. Жұмыссыздық деңгейі экономикалық белсенді халық санына 5,2% құрады. Жұмыспен қамту органдарында жұмыссыздар ретінде тіркелгендер саны 2013 жылғы желтоқсанның соңына 30 мың адамды құрады немесе экономикалық белсенді халық санына 0,3%. Жасырын жұмыссыздық деңгейі бағалау бойынша экономикалық белсенді халық санының 0,4%-ын құрады.

2013 жылғы желтоқсанда қызметкерлерге есептелген орташа айлық атаулы жалақы (алдын ала деректер) 137043 теңгені құрады, 2012 жылғы желтоқсанға қарағанда 7,6% өсті. Нақты жалақы индексі (алдын ала деректер) 2012 жылғы желтоқсанға 102,6% құрады.

### БАҒА

Тұтыну бағаларының индексі 2013 жылғы желтоқсанда 2012 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 104,8% құрады. Азық-түлік тауарларына бағалар – 3,3%, азық-түлік емес тауарларға – 3,3%, ақылы қызметтерге – 8%-ға өсті. Өнеркәсіп өнімін өндіруші кәсіпорындар бағалары 2013 жылғы желтоқсанда 2012 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 0,5% төмендеді.

### ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА

2013 жылғы қаңтар-қыркүйектегі есепті деректер бойынша Жалпы ішкі өнім көлемі ағымдағы бағаларда 23259,2 млрд. теңгені құрды. 2012 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда нақты ЖІӨ-нің өсуі 5,7% құрды. ЖІӨ құрылымында тауар өндіру үлесі ЖІӨ-нен 39,8% құрады, қызмет көрсету – 52,8%.

Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 6052,9 млрд. теңгені құрды, бұл 2012 жылға қарағанда 6,5% артық. 2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша тіркелген заңды тұлғалардың саны 338981 бірлікті құрап, өткен жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 6,6% артты, оның ішінде 50 адамнан кем қызметкерлері бар – 322121 бірлік. Жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалардың саны 183322-ні құрады, оның ішінде 167361 бірлік – шағын кәсіпорындар. Республикадағы тіркелген шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны (заңды тұлғалар) 247745 бірлікті құрады және өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 7,8% артты.

### САУДА

2013 жылғы қаңтар-желтоқсанда бөлшек сауда көлемі (қоғамдық тамақтандыру айналымынсыз) 5034,8 млрд. теңгені құрап, 2012 жылғы қаңтар-желтоқсанмен салыстырғанда 12,8% өсті.

2013 жылғы қаңтар-желтоқсанда көтерме сауда көлемі 14104,7 млрд. теңгені құрап, 2012 жылғы қаңтар-желтоқсанмен салыстырғанда 12,6% артты.

2013 жылғы қаңтар-желтоқсанда тамақ өнімдері мен сусындарды ұсыну бойынша қызметтер көлемі 232,9 млрд. теңгені құрады және 2012 жылғы қаңтар-желтоқсанмен салыстырғанда 7,4% өсті.

2013 жылғы қаңтар-қарашада сыртқы сауда айналымы 120361,4 млн. АҚШ долларын құрап, 2012 жылғы қаңтар-қарашамен салыстырғанда 0,9% аз, оның ішінде экспорт – 76308,3 млн. АҚШ долларын (3,9% аз), импорт – 44053,1 млн. АҚШ долларын құрады (5% өсті).

### ЭКОНОМИКАНЫҢ НАҚТЫ СЕКТОРЫ

2013 жылғы қаңтар-желтоқсанда өнеркәсіп өндірісінің көлемі қолданыстағы бағаларда 18178,8 млрд. теңгені құрды, бұл 2012 жылға қарағанда 2,3% артық. Кен өндіру өнеркәсібінде және карьерлерді қазуда өндіріс көлемі 3,1%, өңдеу өнеркәсібінде 1,6%, электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптауда 0,9% артты. Сумен жабдықтауда, көріз жүйесі, қалдықтарды жинау және бөлуді бақылауда өндіріс 12,9% төмендеді.

2013 жылғы қаңтар-желтоқсанда ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі 2457 млрд. теңгені құрып, 2012 жылға қарағанда 11,6% артық.

2013 жылғы қаңтар-желтоқсанда жүк айналымының көлемі 493,2 млрд. ткм (коммерциялық жүк тасымалдаумен айналысатын жеке кәсіпкерлердің жүк айналымы көлемінің бағалауы есебімен) құрып, 2012 жылғы қаңтар-желтоқсанмен салыстырғанда 3,8% артты. Жолаушылар айналымының көлемі 233,8 млрд. жкм құрап, 10,6% артты.

### ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің деректері бойынша 2013 жылғы 1 желтоқсандағы жағдайына мемлекеттік бюджет табыстары 5797,2 млрд. теңгені құрады немесе атқарылатын бюджетке қатысты 92,5%. Шығындар бойынша бюджеттің атқарылуы 5983,7 млрд. теңгені құрады немесе атқарылатын бюджетке 84,5%. 2012 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда табыстар 7,2%-ға, ал шығындар 10,2%-ға өсті. Бюджет тапшылығы (таза бюджеттік кредит беруді және қаржылық активтермен операциялар бойынша сальдоны есепке алғанда) 393,7 млрд. теңге деңгейінде қалыптасты.

Екінші деңгейдегі банктердің экономика саласына кредиттік салымдары 2013 жылғы қарашаның соңына 11251,5 млрд. теңгені құрап, өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 15,5% ұлғайды. Кредиттердің жалпы көлемінде ұзақ мерзімді кредиттердің үлес салмағы 81%, шетелдік валютадағы кредиттер 29,5% құрады. Депозиттік ұйымдардағы депозиттер көлемі 9935,3 млрд. теңгені құрады, бұл өткен жылғы тиісті айға қарағанда 9,4% артық, жеке тұлғалардың депозиттері 17,8% артып, 3783,8 млрд. теңгені құрады.

2013 жылғы III тоқсанда кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржы нәтижесі табыс ретінде 1334 млрд. теңге сомасында қалыптасты, бұл 2012 жылғы сәйкес кезеңдегі деңгейден 19,5% төмен. Пайдалылық деңгейі 20,3% құрады. Есеп берген кәсіпорындардың жалпы санынан залалды кәсіпорындар үлесі 36,3%.

## НЕГІЗГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР МОНИТОРИНГІ

2013 жылғы қараша

	2013 жылғы қараша	2013 жылғы қараша	2013 жылғы қараша 2012 жылғы қараша пайызбен	2013 жылғы қараша 2012 жылғы қарашаға пайызбен	2013 жылғы қараша 2013 жылғы қазанға пайызбен
<b>Әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер</b>					
Кезең соңына халық саны, мың адам	17 145,7	17 145,7	101,5	101,5	100,1
Туғандар саны, адам	363 145	31 478	102,4	102,3	82,0
Өлгендер саны, адам	126 681	10 927	96,2	93,2	88,5
Иммигранттар, адам	22 124	2 259	83,4	117,1	84,5
Эмигранттар, адам	22 618	2 047	80,8	76,8	90,4
Тыныс алу мүшелері туберкулезі мен ауыру тіркелген оқиғалар саны, адам	11 150	898	91,6	85,6	104,2
ВИЧ-инфекциясын тасымалдаушылар саны, адам	1 892	195	106,1	113,4	101,6
Тіркелген қылмыстар саны, оқиға	330 506	29 617	125,8	113,5	100,1
Қылмыстылық деңгейі (10 000 адамға қылмыстар саны)	212	-	124,0	-	-
<b>Тұрмыс деңгейі</b>					
Орташа жан басына атаулы ақшалай табыс (бағалау), теңге	610 170	56 324	109,2	107,4	100,5
Нақты ақшалай табыс (бағалау), %	-	-	103,1	102,6	100,0
Ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы, теңге	-	17 029	-	102,9	91,4
<b>Еңбек рыногы және еңбекақы төлеу</b>					
Жұмыссыздар саны, мың адам (бағалау)	-	466,0	-	98,2	99,8
Тіркелген жұмыссыздар саны, мың адам	-	44,2	-	89,5	86,1
Жұмыссыздық деңгейі, % (бағалау)	-	5,2	-	-	-
Тіркелген жұмыссыздар үлесі, %	-	0,5	-	-	-
Жасырын жұмыссыздық деңгейі, % (бағалау)	-	0,5	-	-	-
Бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы, теңге	106 092	107 317	106,9	106,4	101,3
Нақты жалақы индексі, %	-	-	100,9	101,6	100,8
<b>Баға</b>					
Тұтыну бағаларының индексі, %	-	-	105,9	104,7	100,5
Өнеркәсіп өнімін өндірушілердің бағалары индексі, %	-	-	99,7	99,2	99,5
Ауыл шаруашылығындағы бағалар индексі, %	-	-	117,9	95,8	99,0
Құрылыстағы бағалар индексі, %	-	-	103,8	103,0	100,2
Көтерме сауда бағаларының индексі, %	-	-	107,1	103,3	100,4
Көлік қызметтері тарифтерінің индексі, %	-	-	109,7	107,0	100,0
Заңды тұлғаларға көрсетілген почталық және курьерлік қызметтер тарифтерінің индексі, %	-	-	106,2	100,4	100,0
Заңды тұлғаларға көрсетілген байланыс қызметтері тарифтерінің индексі, %	-	-	94,8	97,9	99,9
Экспорттық жеткізілімдер бағаларының индексі, %	-	-	97,1	96,9	100,2
Импорттық түсімдер бағаларының индексі, %	-	-	94,6	103,4	100,8
<b>Ұлттық экономика</b>					
Қысқа мерзімді экономикалық индикатор, млрд. теңге (ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік, байланыс – алты саланың нақты өсу қарқыны бойынша есептеледі)	32 604,6	3 304,4	105,1	109,6	98,6
Жалпы ішкі өнім, млрд. теңге (2013 жылғы қаңтар-қыркүйек, есепті деректер)	23 259,2	-	105,7	-	-
Негізгі капиталға инвестициялар, млрд. теңге	5 182,1	647,5	108,7	113,3	115,8
<b>Сауда</b>					
Өткізудің барлық арналары бойынша бөлшек сауда, млрд. теңге (қоғамдық тамақтандыру қызметтері есебінсіз)	4 427,8	475,1	112,6	111,3	107,4
Сыртқы сауда айналымы, млн. АҚШ доллары	120 361,4	11 840,2	99,1	105,5	92,7
Тауарлар экспорты, млн. АҚШ доллары	76 308,3	7 242,3	96,1	106,4	86,5
Тауарлар импорты, млн. АҚШ доллары	44 053,1	4 597,9	105,0	104,2	104,4
<b>Экономиканың нақты секторы</b>					
Өнеркәсіп өнімінің (тауарлар, қызметтер) көлемі, млрд. теңге	16 477,2	1 604,8	102,3	102,6	99,8
Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі, млрд. теңге	2 308,0	254,0	110,9	159,0	71,0
Құрылыс жұмыстарының көлемі, млрд. теңге	2 110,5	258,6	102,9	103,2	146,7
Көліктің барлық түрлерімен жүк тасымалдау, млн. тонна	3 149,9	338,0	108,7	111,8	100,8
Көліктің барлық түрлерімен жүк айналымы, млрд. ткм	446,3	46,5	103,2	110,5	101,4
Почта және курьерлік қызметтерінің көлемі, млрд. теңге	18,5	1,8	93,0	94,6	100,0
Байланыс қызметтерінің көлемі, млрд. теңге	587,6	56,5	114,2	115,0	100,7
Өнеркәсіптегі кәсіпкерлік сенімділік индексі	-	+9	-	-	-
Саудадағы кәсіпкерлік сенімділік индексі	-	+12	-	-	-
Тұтынушылардың сезіну индексі	-	+16	-	-	-
Сатып алу тілегінің индексі	-	+16	-	-	-
<b>Қаржы жүйесі</b>					
Ақша массасы М3, млрд. теңге	-	11 339,4	-	108,4	97,1
Айналыстағы қолма-қол ақша, млрд. теңге	-	1 404,2	-	101,8	97,7
Депозиттік ұйымдардағы депозиттер, млрд. теңге (бейрезиденттер шоттарын есепке алмағанда)	-	9 935,3	-	109,4	97,0
жеке тұлғалардың депозиттері, млрд. теңге (бейрезиденттер шоттарын есепке алмағанда)	-	3 783,8	-	117,8	101,0
Экономика және халықтың ЕДБ кредиттері, млрд. теңге	-	11 251,5	-	115,5	101,9
ЕДБ ұзақ мерзімді кредиттік салымдары, млрд. теңге	-	9 119,2	-	116,3	101,4
Кәсіпорындар мен ұйымдардың пайдалылығы, % (2013 жылғы III тоқсан)	20,3	-	-	-	-
Кәсіпорындар мен ұйымдардың дебиторлық берешегі, млрд. теңге (2013 жылғы 1 қазанға)	6 822,0	-	74,5	-	-
Кәсіпорындар мен ұйымдардың міндеттемелер бойынша берешегі, млрд. теңге (2013 жылғы 1 қазанға)	29 556,8	-	110,8	-	-

2013 жылғы желтоқсан

	2013 жылғы қаңтар-желтоқсан	2013 жылғы желтоқсан	2013 жылғы қаңтар-желтоқсан 2012 жылғы қаңтар-желтоқсанға пайызбен	2013 жылғы желтоқсан 2012 жылғы желтоқсанға пайызбен	2013 жылғы желтоқсан 2013 жылғы қарашаға пайызбен
<b>Әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер</b>					
Кезең соңына халық саны, мың адам	...	...	...	...	...
Туғандар саны, адам	...	...	...	...	...
Өлгендер саны, адам	...	...	...	...	...
Иммигранттар, адам	...	...	...	...	...
Эмигранттар, адам	...	...	...	...	...
Тыныс алу мүшелері туберкулезі мен ауыру тіркелген оқиғалар саны, адам	...	...	...	...	...
ВИЧ-инфекциясын тасымалдаушылар саны, адам	...	...	...	...	...
Тіркелген қылмыстар саны, оқиға	...	...	...	...	...
Қылмыстылық деңгейі (10 000 адамға қылмыстар саны)	...	...	...	...	...
<b>Тұрмыс деңгейі</b>					
Орташа жан басына атаулы ақшалай табыс (бағалау), теңге	...	...	...	...	...
Нақты ақшалай табыс (бағалау), %	...	...	...	...	...
Ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы, теңге	-	17 191	-	103,0	101,0
<b>Еңбек рыногы және еңбекақы төлеу</b>					
Жұмыссыздар саны, мың адам (бағалау)	-	466,0	-	98,2	100,0
Тіркелген жұмыссыздар саны, мың адам	-	30,0	-	86,6	67,9
Жұмыссыздық деңгейі, % (бағалау)	-	5,2	-	-	-
Тіркелген жұмыссыздар үлесі, %	-	0,3	-	-	-
Жасырын жұмыссыздық деңгейі, % (бағалау)	-	0,4	-	-	-
Бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы, теңге (алдын ала деректер)	108 640	137 043	107,5	107,6	127,7
Нақты жалақы индексі, % (алдын ала деректер)	-	-	101,6	102,6	126,8
<b>Баға</b>					
Тұтыну бағаларының индексі, %	-	-	105,8	104,8	100,7
Өнеркәсіп өнімін өндірушілердің бағалары индексі, %	-	-	99,7	99,5	99,8
Ауыл шаруашылығындағы бағалар индексі, %	-	-	115,5	93,0	99,5
Құрылыстағы бағалар индексі, %	-	-	103,8	103,3	100,5
Көтерме сауда бағаларының индексі, %	-	-	106,7	102,8	100,0
Көлік қызметтері тарифтерінің индексі, %	-	-	109,1	102,4	100,0
Заңды тұлғаларға көрсетілген почталық және курьерлік қызметтер тарифтерінің индексі, %	-	-	105,7	100,4	100,0
Заңды тұлғаларға көрсетілген байланыс қызметтері тарифтерінің индексі, %	-	-	94,8	94,2	96,1
Экспорттық жеткізілімдер бағаларының индексі, %	-	-	...	...	...
Импорттық түсімдер бағаларының индексі, %	-	-	...	...	...
<b>Ұлттық экономика</b>					
Қысқа мерзімді экономикалық индикатор, млрд. теңге (ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік, байланыс – алты саланың нақты есу қарқыны бойынша есептеледі)	36 197,7	3 593,1	105,2	106,8	105,2
Жалпы ішкі өнім, млрд. теңге	...	-	...	-	-
Негізгі капиталға инвестициялар, млрд. теңге	6 052,9	870,8	106,5	95,6	133,8
<b>Сауда</b>					
Өткізудің барлық арналары бойынша бөлшек сауда, млрд. теңге (қоғамдық тамақтандыру қызметтері есебінсіз)	5 034,8	607,0	112,8	114,2	126,9
Сыртқы сауда айналымы, млн. АҚШ доллары	...	...	...	...	...
Тауарлар экспорты, млн. АҚШ доллары	...	...	...	...	...
Тауарлар импорты, млн. АҚШ доллары	...	...	...	...	...
<b>Экономиканың нақты секторы</b>					
Өнеркәсіп өнімінің (тауарлар, қызметтер) көлемі, млрд. теңге	18 178,8	1 701,6	102,3	102,7	100,4
Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі, млрд. теңге	2 457,0	149,0	111,6	121,8	60,1
Құрылыс жұмыстарының көлемі, млрд. теңге	2 429,4	318,9	103,0	103,8	122,6
Көліктің барлық түрлерімен жүк тасымалдау, млн. тонна	3 497,9	348,0	108,6	107,5	103,0
Көліктің барлық түрлерімен жүк айналымы, млрд. ткм	493,2	47,0	103,8	109,9	101,0
Почта және курьерлік қызметтерінің көлемі, млрд. теңге	20,4	1,9	93,2	95,4	106,4
Байланыс қызметтерінің көлемі, млрд. теңге	643,5	55,9	114,0	111,2	98,9
Өнеркәсіптегі кәсіпкерлік сенімділік индексі	-	+3	-	-	-
Саудадағы кәсіпкерлік сенімділік индексі	-	+9	-	-	-
Тұтынушылардың сезіну индексі	-	+17	-	-	-
Сатып алу тілегінің индексі	-	+18	-	-	-
<b>Қаржы жүйесі</b>					
Ақша массасы М3, млрд. теңге	...	...	...	...	...
Айналыстағы қолма-қол ақша, млрд. теңге	...	...	...	...	...
Депозиттік ұйымдардағы депозиттер, млрд. теңге (бейрезиденттер шоттарын есепке алмағанда)	...	...	...	...	...
жеке тұлғалардың депозиттері, млрд. теңге (бейрезиденттер шоттарын есепке алмағанда)	...	...	...	...	...
Экономика және халықтың ЕДБ кредиттері, млрд. теңге	...	...	...	...	...
ЕДБ ұзақ мерзімді кредиттік салымдары, млрд. теңге	...	...	...	...	...
Кәсіпорындар мен ұйымдардың пайдалылығы, %	...	...	...	...	...
Кәсіпорындар мен ұйымдардың дебиторлық берешегі, млрд. теңге	...	...	...	...	...
Кәсіпорындар мен ұйымдардың міндеттемелер бойынша берешегі, млрд. теңге	...	...	...	...	...

ЕСКЕРТУ.

Кешіктіріліп құрастырылған көрсеткіштер алдыңғы кестеде берілген.

Деректер жаңа экономикалық қызмет түрлерінің сыныптамалар ЭҚЖЖ бойынша көрсетілген.


## 2. ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

### 2.1 ХАЛЫҚ САНЫ

	мың адам		
	Барлық халық	Қала халқы	Ауыл халқы
2012 жылғы 1 желтоқсанға	16 896,9	9 254,7	7 642,2
2013 жылғы 1 желтоқсанға	17 145,7	9 436,9	7 708,8

2013 жылғы 1 желтоқсанға еліміздегі халық саны 17145,7 мың адамды құрады. 2012 жылғы 1 желтоқсанмен салыстырғанда ол 248,8 мың адамға немесе 1,5% артты. 2013 жылдың басымен салыстырғанда ағымдағы жылдың 11 айында халық саны 236 мың адамға өсті.


Халық саны өсу қарқынының өзгеруі



Халықтың табиғи қозғалысы

	Адам		1000 адамға жағдайы бойынша	
	2012 жылғы қаңтар-қараша	2013 жылғы қаңтар-қараша	2012 жылғы 1 желтоқсанға	2013 жылғы 1 желтоқсанға
	Туғандар	354 617	363 145	23,1
Өлгендер	131 659	126 681	8,6	8,1
Табиғи өсім	222 958	236 464	14,5	15,2
Некелер	152 959	155 285	10,0	10,0
Ажырасулар	45 138	47 340	2,9	3,0


Халықтың табиғи өсімінің өзгеруі




2013 жылғы қаңтар-қарашада республикада 1 жасқа дейінгі 4066 (2012 жылғы қаңтар-қарашада 4810) нәресте өлімі тіркелді. 2012 жылғы қаңтар-қарашамен салыстырғанда 1 жасқа дейінгі шетінеген нәресте саны 15,5% азайды.

Нәресте өлімінің негізгі себебі перинаталдық кезеңде пайда болатын жағдайлар болып табылады, одан 2013 жылғы қаңтар-қарашада 2324 (2772) немесе нәрестелер арасындағы өлім жағдайының жалпы санынан 57,2% (57,6%) нәресте өлген. Туа біткен ауытқулардан өлген нәрестелер саны 747 (913) немесе 18,4% (19%), тыныс органдары ауруларынан - 277 (342), немесе 6,8% (7,1%) және жазатайым жағдайдан, уланудан және жарақаттан - 205 (204), немесе 5% (4,2%) адамды құрады.

Нәресте өлімі коэффициенттерінің серпіні



## 2.2 ХАЛЫҚТЫҢ КӨШІ-ҚОНЫ



2013 жылғы қаңтар-қарашада Қазақстанға келгендер саны 2012 жылғы қаңтар-қарашамен салыстырғанда 16,6%, ал Қазақстаннан кеткендер саны 19,2% азайды.

Еліміздегі негізгі көші-қон алмасуы ТМД мемлекеттерімен болуда. ТМД елдерінен келгендердің және сол елдерге кеткендердің үлесі, тиісінше, 84,3% және 93% құрады.

Ел ішінде қоныс аударатын көшіп-қонушылар саны 2,6% азайды. Өңіраралық қоныс аудару бойынша халық көші-қонының оң айырмасы еліміздің 5 өңірінде байқалды, оның ішінде мөлшері жағынан ең көбі Астана (15085 адам), Алматы қалаларында (14630 адам) және Алматы облысында (1113 адам).

### Жеке этностық топтар бойынша сыртқы көші-қонның құрылымы

жалпы санына пайызбен

	Келгендер		Кеткендер	
	2012 жылғы қаңтар-қараша	2013 жылғы қаңтар-қараша	2012 жылғы қаңтар-қараша	2013 жылғы қаңтар-қараша
Барлығы	100	100	100	100
Қазақтар	67,8	66,3	3,4	4,2
Орыстар	12,5	12,3	74,3	70,5
Өзбектер	2,4	2,3	0,3	0,3
Украиндар	1,0	1,1	7,3	7,8
Татарлар	1,1	1,0	2,3	2,4
Немістер	0,9	0,9	5,7	6,7
Басқалар	14,3	16,1	6,7	8,1

### 2013 жылғы қаңтар-қарашадағы халықтың өңіраралық көші-қоны

адам



## 2.3 ХАЛЫҚТЫҢ АУРУ-СЫРҚАУЛЫҒЫ

(ДСМ РСЭС деректері бойынша)



### 2013 жылғы қаңтар-қарашадағы жекелеген жұқпалы аурулармен сырқаттану деңгейі

Тіркелген жұқпалы аурулардың арасында аса кең тарағаны жоғары тыныс жолдарының өткір жұқпасы - халықтың 100 000 адамына шаққанда 5261,3 (2012 жылғы тиісті кезеңде – 6253,2) оқиға, ішектің өткір жұқпасы – 88,9 (103,1), тыныс органдарының туберкулезі – 65,6 (72,6), мерез – 36 (37,6), вирустық гепатит – 6,9 (10,5), битшендік – 9,1 (9,9) және қышыма – 5 (6,1) болды.

### Жекелеген жұқпалы ауру түрлерімен халықтың ауру-сырқаулығының өсуі

	пайызбен	
	2013 жылғы қараша	2012 жылғы қарашаға
	барлығы	ауылдық жер
Диагнозы алғашқы рет қойылған бруцеллез	1,1 есе	103,0

### Ең көп таралған ауру-сырқауға шалдығу оқиғаларының тіркелген саны

	2013 жылғы қаңтар-қараша, бірлік	2013 жылғы қаңтар-қараша 2012 жылғы қаңтар-қарашаға пайызбен	2013 жылғы қараша, бірлік	2013 жылғы қараша 2012 жылғы қарашаға пайызбен	2013 жылғы қараша 2013 жылғы қазанға пайызбен
Ротавирус энтериті					
барлығы	1 641	77,9	272	93,2	1,5 есе
одан 14 жасқа дейінгі балалар	1 635	78,0	271	92,8	1,5 есе
ауылдық жер	...	...	51	1,2 есе	2,4 есе
Бактериялық дизентерия					
барлығы	1 402	75,9	83	53,2	29,8
одан 14 жасқа дейінгі балалар	859	76,8	48	52,2	32,4
ауылдық жер	...	...	8	26,7	13,1
Диагнозы алғашқы рет қойылған бруцеллез					
барлығы	1 369	94,9	94	1,1 есе	97,9
одан 14 жасқа дейінгі балалар	170	1,1 есе	11	1,6 есе	100,0
ауылдық жер	...	...	79	103,0	1,1 есе
Эхинококкоз					
барлығы	754	101,0	62	119,0	91,2
одан 14 жасқа дейінгі балалар	193	1,4 есе	20	4 есе	1,5 есе
ауылдық жер	...	...	38	1,1 есе	1,1 есе

## 2.4 ХАЛЫҚТЫ ЗЕЙНЕТАҚЫМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ

(ЕХӘҚМ деректері бойынша)






	Тағайындалған зейнетақының (жәрдемақының) орташа мөлшері, теңге	Алушылар саны, мың адам
<b>Жасы бойынша зейнетақы төлемі<sup>1)</sup></b>		
2012 жылғы IV тоқсан	29 000	1 676,7
2013 жылғы IV тоқсан	31 380	1 734,8
<b>Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі</b>		
2012 жылғы IV тоқсан	8 720	1 706,2
2013 жылғы IV тоқсан	9 330	1 765,3
<b>Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы</b>		
2012 жылғы III тоқсан	16 416	650,9
2013 жылғы III тоқсан	17 742	647,6
<b>Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы</b>		
2012 жылғы III тоқсан	4 812	1 281,3
2013 жылғы III тоқсан	5 108	1 284,8
<b>Мемлекеттік тұрғын үйлік көмек<sup>2)</sup></b>		
2012 жылғы III тоқсан	2 168,9	105,6
2013 жылғы III тоқсан	3 579,0	41,1
<b>Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек</b>		
2012 жылғы қаңтар-желтоқсан	1 605,0	97,3
2013 жылғы қаңтар-желтоқсан	1 932,0	60,7

<sup>1)</sup> Зейнеткерлік жасқа толған тұлғалар.

<sup>2)</sup> «Алушылар саны» бағанында мың отбасы көрсетілген.


2013 жылғы IV тоқсанда жасы бойынша зейнеткерлер саны 1734770 адамды, тағайындалған орташа зейнетақы мөлшері 31380,3 теңгені құрады. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап 9983 теңгені құрайды. 2013 жылғы III тоқсанда тағайындалған тұрғын үй көмегінің орташа мөлшері 3579 теңгені құрап, оны 41142 адам алды. 2013 жылғы қаңтар-желтоқсанға тағайындалған атаулы әлеуметтік көмектің орташа мөлшері 1932 теңгені құрап, оны 60705 адам алды.

### Зейнетақының (жәрдемақы) орташа мөлшері мен алушылар саны



## 2.5 ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ

(БП ҚС АЕК деректері бойынша)



Есепті кезеңде тергелген қылмыстар бойынша тұтастай республика бойынша материалдық залалдың белгіленген сомасы 217490,2 млн. теңгені құрады, оның ішінде 55,5% - экономикалық қызмет саласындағы қылмыстарға, 35,8% - меншікке қарсы қылмыстарға келеді.

Республиканың құқық қорғау органдары қылмыс жасаған 91651 тұлғаны анықтады (2012 жылғы тиісті кезеңге қарағанда 3,8%-ға көп), қылмыстық жауапкершілікке 45011 тұлға тартылған, бұл 2012 жылғы тиісті кезеңге қарағанда 10,4%-ға көп. Анықталған қылмыс жасаған тұлғалар саны ішінен 14,3% - әйелдер (2012 жылғы тиісті кезеңде – 12,7%), 5,2% - кәмелетке толмағандар (6%), мемлекеттік функцияларды атқарушылар – 2% (1,8%) құрады. Бұрын қылмыс жасаған тұлғалардың үлес салмағы 8,1% (8,1%) құрады.

Қазақстан бойынша орташа алғанда әрбір алтыншы қылмыс жасаушы қылмысты - мас күйінде, әрбір төртіншісі - топ құрамында жасаған. Анықталған қылмыс жасаған тұлғалардың ең көп бөлігін жұмыссыздар құрады – 77,8% (2012 жылғы қаңтар-қарашада – 79,1%).


### Қылмыстар санаттары бойынша

	2013 жылғы қаңтар-қараша	Қорытындыға пайызбен	Өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен
Тіркелген қылмыстар саны – барлығы, оқиғалар	330 506	100,0	125,8
Жеке адамға қарсы жасалған қылмыстар	11 708	3,5	130,0
одан:			
қасақана кісі өлтіру және кісі өлтіруге оқталу	1 046		88,9
денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру	1 660		99,0
денсаулыққа қасақана орташа ауыр зиян келтіру	3 183		130,0
Меншікке қарсы жасалған қылмыстар	256 830	77,7	120,3
одан:			
бетен адамның мүлкін ұрлау	191 887		117,6
алаяқтық	33 580		160,7
тонау	17 445		93,2
қарақшылық	1 297		86,0
бопсалаушылық	854		130,4
Қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы жасалған қылмыстар	30 734	9,3	170,3
одан: бұзақылық	27 426		175,5
Халықтың денсаулығына және адамгершілік қасиеттеріне қарсы жасалған қылмыстар	4 062	1,2	96,1
одан: есірткіге байланысты қылмыстар	3 254		94,4
Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүддесіне қарсы жасалған сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстар	2 381	0,7	115,8
Әскери қылмыстар	299	0,1	95,5
Көлік қылмыстары	3 253	1,0	124,1
Басқалары	21 239	6,5	163,8

### 3. ТҰРМЫС ДЕҢГЕЙІ

#### 3.1 ХАЛЫҚТЫҢ ТАБЫСТАРЫ

##### Халықтың орташа жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыстары (бағалау)




\* Алдын ала деректер.


2013 жылғы қарашада халықтың орташа жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табысы 56324 теңгені құрады, бұл 2012 жылғы қарашаға қарағанда 7,4% жоғары, ал нақты ақшалай табыс көрсетілген кезеңде 2,6% өсті.

өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен		
	2013 жылғы қараша	2013 жылғы қаңтар-қараша
Атаулы ақшалай табыстардың индексі	107,4	109,2
Нақты ақшалай табыстардың индексі	102,6	103,1


##### 2013 жылғы қарашадағы табыстарды бағалау



##### Ақшалай табыстардың құрылымы




### 3.2 КҮНКӨРІСТІҢ ЕҢ ТӨМЕНГІ ДЕҢГЕЙІНІҢ ШАМАСЫ



2013 жылғы желтоқсанда өткен аймен салыстырғанда негізгі тамақ өнімдерін тұтынудың ең төменгі нормаларынан есептелген халықтың орташа жан басына шаққандағы күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасы 1%, 2012 жылғы желтоқсанмен – 3% өсті.

	2013 жылғы желтоқсан, теңге	2013 жылғы желтоқсан		Құрылымы
		2013 жылғы қарашаға	2012 жылғы желтоқсанға	
<b>Күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасы</b>	17 191	101,0	103,0	100,0
оның ішінде				
азық-түлік тауарлары	10 315	101,0	103,0	60,0
азық-түлік емес тауарлар мен ақылы қызметтер	6 876	101,0	103,0	40,0

#### Азық-түлік жиынтығының құрылымы




#### Әлеуметтік-демографиялық топтар бойынша

	Күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасы, теңге			Күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасымен ара салмағы, пайызбен
	барлығы	азық-түлік тауарлары	азық-түлік емес тауарлар мен ақылы қызметтер	
<b>Орта есеппен халықтың жан басына шаққанда</b>	17 191	10 315	6 876	100,0
балалар, 13 жасқа дейінгі	13 753	8 252	5 501	80,0
жасөспірімдер, 14-17 жастағы				
жас жігіттер	21 766	13 059	8 707	126,6
қыздар	16 677	10 006	6 671	97,0
еңбекке қабілетті халық, 18 жастан жоғары				
ерлер	20 443	12 266	8 177	118,9
әйелдер	16 235	9 741	6 494	94,4
зейнеткерлер мен қарт адамдар	16 126	9 675	6 451	93,8

## 4. ЕҢБЕК НАРЫҒЫ ЖӘНЕ ЕҢБЕКАҒЫ ТӨЛЕУ

### 4.1 КӘСІПОРЫНДАРДА (ҰЙЫМДАРДА) ЖАЛДАНЫП ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУ\*



2013 жылғы желтоқсанда кәсіпорындардағы (ұйымдардағы)\* жалдамалы қызметкерлердің саны 3735,2 мың адамды құрады, оның ішінде ірі және орта кәсіпорындарда – 3252,8 мың адам.

2013 жылғы желтоқсанда ірі және орта кәсіпорындарға 58 мың адам қабылданды. Өр түрлі себептермен 75,6 мың адам жұмыстан шықты. Бір қызметкермен 149,3 сағат жұмыс істелді.


2013 жылғы желтоқсанның соңына ірі және орта кәсіпорындарда 28,7 мың бос орын толтырылмады (жалдамалы қызметкерлердің санына 0,9%).

	2013 жылғы желтоқсан		
	мың адам	2013 жылғы қарашаға пайызбен	2012 жылғы желтоқсанға пайызбен
Барлығы* оның ішінде ірі және орта кәсіпорындарда	3 735,2	99,7	101,9
	3 252,8	99,6	102,4

### Экономикалық қызметтің жекелеген түрлері бойынша ірі және орта кәсіпорындарда жұмыспен қамтылған жалдамалы қызметкерлердің бары және қозғалысы

	2013 жылғы желтоқсан			
	жалдамалы қызметкерлер саны	қабылданған қызметкерлер	жұмыстан шыққан қызметкерлер	одан қысқартылуы мен таратылуына байланысты
Барлығы	3 252,8	58,0	75,6	4,2
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	99,7	1,4	4,2	0,1
Өнеркәсіп	721,2	10,7	14,5	0,8
Құрылыс	206,7	7,1	14,2	0,8
Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	175,9	8,3	8,6	0,2
Көлік және қоймалау	224,1	5,0	7,7	1,3
Қаржы және сақтандыру қызметі	92,1	3,4	2,4	0,2
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	96,2	1,6	2,6	0,1
Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	122,3	4,8	5,0	0,1
Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамтамасыз ету	255,4	3,8	3,4	0,0
Білім беру	694,4	3,4	3,2	0,0
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер	367,5	4,3	4,3	0,0
Қызметтің өзге де түрлері	197,3	4,2	5,5	0,6


### 2013 жылғы желтоқсандағы кәсіпорындарда (ұйымдарда) жалдамалы қызметкерлердің өңірлер бойынша саны\*



\* Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын ШК қызметкерлері есебінсіз. Ескерту. Есепті кезеңге - алдын ала деректер.

## 4.2 ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

(СА және ЕХӘҚМ деректері бойынша)




ХЕҰ әдіснамасы бойынша анықталатын жұмыссыздар саны, 2013 жылғы желтоқсанда бағалау бойынша 466 мың адамды, жұмыссыздық деңгейі – 5,2% құрады. Жұмыссыздар ретінде ЕХӘҚМ жұмыспен қамту органдарында 30 мың адам ресми тіркелген (тіркелген жұмыссыздар үлесі – 0,3%)<sup>5)</sup>.

Бағалау бойынша ағымдағы жылғы желтоқсанда жасырын жұмыссыздық деңгейі экономикалық тұрғыдан белсенді халықтың 0,4%-ын (39 мың адам) құрады.

«Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бойынша 2013 жылғы 1 желтоқсанда әлеуметтік келісім-шартқа 101,5 мың адам қол қойған, оның ішінде жұмыссыздар 61,9%, өз бетінше жұмыспен қамтылғандар 31,1% құрады.

	2013 жылғы IV тоқсан <sup>3)</sup>		
	мың адам	2013 жылғы III тоқсанға пайызбен	2012 жылғы IV тоқсанға пайызбен
Экономикалық тұрғыдан белсенді халық	9 041,2	99,6	100,7
Жұмыспен қамтылған халық	8 574,9	99,6	100,9
жалдамалы қызметкерлер	5 979,3	99,9	101,8
өз бетінше жұмыспен қамтылғандар	2 595,6	98,9	97,8
жұмыспен нәтижелі қамтылғандар	1 672,9	102,0	...
жұмыспен нәтижесіз қамтылғандар	922,7	93,8	...
Жұмыссыздар	466,3	99,6	98,2
Экономикалық тұрғыдан енjar халық	3 569,9	101,0	100,7



	2013 жылғы желтоқсан <sup>5)</sup>		2013 жылғы 1 желтоқсанда
	мың адам	2013 жылғы қарашаға пайызбен	
Еңбек делдалдығына өтінішпен келгендер саны	11,2	54,2	
Жұмысқа орналастырылған азаматтар саны	17,4	94,1	
Кәсіби даярлауға немесе қайта даярлауға, біліктілігін арттыруға жіберілгендер	0,1	10,1	
Қоғамдық жұмыстарға қатысқандар	2,6	43,0	
			2013 жылғы 1 желтоқсанда
«2020 жұмыспен қамту бағдарламасының» іс-шаралары бойынша, адам:			
қатысу мәселелерімен хабарласқан адамдар саны			107 127
қатысуға өтініш берген адамдар саны			102 813
әлеуметтік келісім-шартқа қол қойған адамдар саны			101 460
оның ішінде:			
өз бетінше жұмыспен қамтылғандар			31 603
жұмыссыздар			62 794
жастар (16-29 жас)			54 102
әйелдер			48 573

<sup>1)</sup> Халықаралық еңбек ұйымының стандарттарына сәйкес.


<sup>2)</sup> «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес.

<sup>3)</sup> Халықтың жұмыспен қамтылуын іріктеп зерттеудің алдын ала деректері.

<sup>4)</sup> Бағалау.

<sup>5)</sup> «Жұмыспен қамту 2020 жол картасына» қатысатындар құрамына енгізілген тұлғалардың есебінсіз.

### 4.3 ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУ




	Орташа айлық атаулы жалақы, теңге	Орташа республикалық деңгейге пайызбен	Өткен жылғы тиісті айға пайызбен	
			атаулы жалақы индексі	нақты жалақы индексі
<b>Экономикалық қызметтің барлық түрлері бойынша</b>	137 043	100,0	107,6	102,6
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	63 488	46,3	113,9	108,7
Өнеркәсіп	180 505	131,7	110,2	105,2
Құрылыс	140 395	102,4	109,2	104,2
Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	120 715	88,1	104,2	99,4
Көлік және қоймалау	217 914	1,6 есе	129,4	123,4
Тұру және тамақтану бойынша қызметтер	107 121	78,2	108,9	103,9
Ақпарат және байланыс	221 860	1,6 есе	108,7	103,7
Қаржы және сақтандыру қызметі	275 077	2,0 есе	102,8	98,1
Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар				
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	136 946	99,9	106,4	101,6
Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	273 274	199,4	103,3	98,6
Мемлекеттік басқару және қорғаныс;	117 051	85,4	100,8	96,2
міндетті әлеуметтік қамтамасыз ету	126 578	92,4	101,1	96,5
Білім беру	77 805	56,8	104,4	99,6
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер	96 734	70,6	101,9	97,2
Өнер, ойын-сауық және демалыс	95 409	69,6	111,9	106,7
Өзге де қызметтер түрлерін ұсыну	162 851	118,8	91,8	87,6

2013 жылғы желтоқсанда бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы 137043 теңгені, ірі және орта кәсіпорындарында 146383 теңгені құрады.

2013 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі жалақы 18660 теңге мөлшерінде белгіленген.

### Орташа айлық жалақы



Ескерту: есепті кезеңдегі - алдын ала деректер.

## 5. БАҒАЛАР

### 5.1 ТҰТЫНУ БАҒАЛАРЫНЫҢ ИНДЕКСІ


кезең соңына, өткен жылғы желтоқсанға пайызбен

2012 жыл.....106,0

өткен айға пайызбен

2012 жылғы желтоқсан.....100,6

2013 жылғы желтоқсан.....100,7




Ағымдағы жылғы желтоқсанда бағаның шикі сүтке 4,7%, жұмыртқаға – 3,7%, ұнтақ жармаға – 3,3%, картопқа – 3,2%, жаңа жиналған көкөністерге – 3,1%, арпа жармаға – 1,7%, ірімшік және сүзбеге – 1,6%, сары майға – 1,5%-ға өсуі, олардың қарақұмық жармаға 2,2%, тауықтың сирағына, құмшекерге – 1,4%-дан, күрішке – 0,7%-ға төмендеуі белгіленді.

Бағалар қатты отынға 3,3%, киім және аяқ киімдерге – 1,1%, тұрмыстық аспаптарға – 1%, фармацевтикалық өнімдерге – 0,6%, жеке күтімге арналған тауарларға – 0,4%, жуғыш және тазалағыш құралдарға – 0,3%-ға өсті.

Алыс қашықтыққа қатынайтын жолаушылардың темір жол көлік жолақысы 2,3%, шаштараздар мен жеке қызмет көрсету орындарының қызметтеріне – 1,5%, мейрамханалар мен қонақ үйлердің, денсаулық сақтау, демалыс, ойын-сауық және мәдениет саласындағы қызметтеріне – 0,4%-дан қымбаттады.

	2013 жылғы желтоқсан			2013 жылғы қаңтар-желтоқсан 2012 жылғы қаңтар-желтоқсанға
	2013 жылғы қарашаға	2012 жылғы желтоқсанға	2010 жылғы желтоқсанға	
<b>Барлық тауарлар мен қызметтер</b>	100,7	104,8	119,2	105,8
Азық-түлік тауарлары	100,8	103,3	118,8	104,3
Азық-түлік емес тауарлар	100,7	103,3	112,5	103,1
Ақылы қызметтер	100,5	108,0	126,7	110,6



	2013 жылғы желтоқсан			2013 жылғы қаңтар-желтоқсан 2012 жылғы қаңтар-желтоқсанға
	2013 жылғы қарашаға	2012 жылғы желтоқсанға	2010 жылғы желтоқсанға	
<b>Тұтыну бағаларының индексі</b>	100,7	104,8	119,2	105,8
Тұтыну бағаларының базалық индексі	100,6	105,0	119,7	105,9
Халық топтары үшін бағалардың индексі				
ақшалай табыстары ең аз	100,6	104,8	118,9	106,3
ақшалай табыстары ең көп	100,7	104,8	118,5	105,6

## 5.2 ӨНДІРУШІ КӘСІПОРЫНДАР БАҒАСЫНЫҢ ИНДЕКСІ


### Дайын өнеркәсіп өніміне

кезең соңына, өткен жылғы желтоқсанға пайызбен

2012 жыл.....102,1  
2013 жыл.....99,5

өткен айға пайызбен

2012 жылғы желтоқсан.....99,5  
2013 жылғы желтоқсан.....99,8




### Сатып алынған материалдық-техникалық ресурстарға

кезең соңына, өткен жылғы желтоқсанға пайызбен

2012 жыл.....108,1  
2013 жыл.....97,9

өткен айға пайызбен

2012 жылғы желтоқсан.....101,7  
2013 жылғы желтоқсан.....100,8



2013 жылғы желтоқсанда бағаның газ конденсатына 1,3%, отындық мазутқа – 1,2%, дизельдік отынға – 0,6%, табиғи газға – 0,3%-ға төмендеуі, олардың сұйытылған пропан мен бутанға – 2,1%, керосинге – 1,1%, бензинге – 0,8%-ға жоғарылауы тіркелді.

Бір айда баға асыл металдарға - 5%, қорғасынға – 4,7%, мырышқа – 2,4%, қара металдар илегіне – 1,9%, мысқа – 1,6%, өңделмеген алюминийге – 1,1%, ферроқорытпаларға – 0,2%-ға төмендеді.

Қант 1,9%, бидай ұны – 0,4%-ға арзандады, маргарин – 4,1%, балық – 3,1%, өсімдік майы – 1,1%, сүт өнімдері – 0,5%-ға қымбаттады.

	2013 жылғы желтоқсан			2013 жылғы қаңтар-желтоқсан 2012 жылғы қаңтар-желтоқсанға
	2013 жылғы қарашаға	2012 жылғы желтоқсанға	2010 жылғы желтоқсанға	
<b>Өнеркәсіп - барлығы</b>	99,8	99,5	122,2	99,7
Өндірілген өнім	99,7	98,8	122,4	99,1
Өндірістік сипаттағы қызметтер	100,6	109,1	121,2	107,2
Базалық индекс (мұнай мен металдар бағасының өзгеруі есебінсіз)	99,8	104,1	123,8	104,1

### Экономикалық қызмет түрлері бойынша

пайызбен

	2013 жылғы желтоқсан					
	2013 жылғы қарашаға		2012 жылғы желтоқсанға		2010 жылғы желтоқсанға	
	дайын өнімге	сатып алынған ресурстарға	дайын өнімге	сатып алынған ресурстарға	дайын өнімге	сатып алынған ресурстарға
Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	99,7	102,1	99,3	107,3	127,4	148,7
Өңдеу өнеркәсібі	99,7	100,7	97,5	94,9	108,2	109,3
Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау	100,1	100,2	107,8	108,9	135,2	131,5
Сумен жабдықтау; көріз жүйесі, қалдықтардың жиналуын және таратылуын бақылау	101,1	...	114,9	...	143,0	...

### Энергия ресурстарының түрлері бойынша

пайызбен

	2013 жылғы желтоқсан			2013 жылғы қаңтар-желтоқсан 2012 жылғы қаңтар-желтоқсанға
	2013 жылғы қарашаға	2012 жылғы желтоқсанға	2010 жылғы желтоқсанға	
<b>Энергия ресурстары, барлығы</b>	99,9	99,0	131,3	99,1
Шикізаттық энергия ресурстары	99,8	98,5	131,3	98,3
Мұнай өнімдері	100,5	100,9	126,3	102,1
Электр энергиясы	99,9	106,6	140,2	109,6

### 5.3 АУЫЛ, ОРМАН ЖӘНЕ БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ БАҒА ИНДЕКСІ

#### Ауыл шаруашылығы өніміне

кезең соңына, өткен жылғы желтоқсанға пайызбен  
 2012 жыл.....122,4  
 2013 жыл.....93,0

өткен айға пайызбен  
 2012 жылғы желтоқсан.....102,5  
 2013 жылғы желтоқсан.....99,5




2013 жылғы желтоқсанда өткен аймен салыстырғанда баға қарақұмыққа 3,6%, арпаға - 3,3%, бидайға - 2,4%, жүгеріге - 1,1%-ға төмендеді.

Көкөніс өнімі 2,5%-ға қымбаттады. Баға картопқа 2,8%, басты пиязға - 2,1%, қырықабатқа - 1,6%, сәбізге - 1,3%, асханалық қызылшаға - 0,5%-ға өсті, ал күнбағыс тұқымына 7,6% төмендеді.

Шошқа еті 1,9%, қой еті - 0,8%, ірі қара мал еті - 0,1%-ға қымбаттады, ал құс еті 1,5%, жылқы еті - 0,1%-ға арзандады. Баға жұмыртқаға 3%, шикі сүтке - 2,8%-ға өсті.


	2013 жылғы желтоқсан			2013 жылғы қаңтар-желтоқсан 2012 жылғы қаңтар-желтоқсанға
	2013 жылғы қарашаға	2012 жылғы желтоқсанға	2010 жылғы желтоқсанға	
Ауыл шаруашылығы өнімі	99,5	93,0	111,9	115,5
Өсімдік шаруашылығы өнімі	98,3	86,6	100,1	123,5
Мал шаруашылығы өнімі	101,1	102,3	124,2	103,3
Орман шаруашылығы өнімі және қызметтері	100,5	102,1	110,2	101,0
Балық шаруашылығы өнімі және қызметтері	99,8	105,8	114,9	107,5



#### Ауыл шаруашылығы өнімдерінің түрлері бойынша

	2013 жылғы желтоқсан			2013 жылғы қаңтар-желтоқсан 2012 жылғы қаңтар-желтоқсанға
	2013 жылғы қарашаға	2012 жылғы желтоқсанға	2010 жылғы желтоқсанға	
Бидай	97,6	79,8	94,6	128,6
Арпа	96,7	95,8	124,8	124,1
Сұлы	99,7	107,2	123,8	111,0
Қарақұмық	96,4	88,6	65,2	91,9
Картоп	102,8	94,3	85,1	107,0
Ірі қара мал	100,1	97,9	133,3	104,8
Жылқы	99,9	101,1	130,4	105,3
Қой	100,8	106,1	160,8	109,4
Шошқа	101,9	100,8	108,2	95,8
Құс	98,5	94,5	100,7	96,3
Шикі сүт	102,8	102,8	121,4	102,7
Жұмыртқа	103,0	117,4	111,1	105,0

### 5.4 ҚҰРЫЛЫСТАҒЫ БАҒА ИНДЕКСІ




#### Технологиялық құрылым элементтері бойынша

2013 жылғы желтоқсанда өткен аймен салыстырғанда құрылыс ұйымдарының құрылыс ерітінділерін сатып алу бағасы 1,4%, силикат және қож кірпіштерді – 0,3%, жайма болатты – 0,2%-ға өсті.

Бояулар мен эмальдар 0,3%, табақты шыны – 0,2%, ағаш материалдары – 0,1%-ға арзандады.

	2013 жылғы желтоқсан			2013 жылғы қаңтар-желтоқсан 2012 жылғы қаңтар-желтоқсанға
	2013 жылғы қарашаға	2012 жылғы желтоқсанға	2010 жылғы желтоқсанға	
<b>Технологиялық құрылымның барлық элементтері</b>	100,5	103,3	113,9	103,8
Құрылыс-монтаж жұмыстары	100,6	103,5	115,1	104,0
Машиналар мен жабдықтар	100,1	101,3	110,7	102,2
Өзге де жұмыстар мен шығындар	100,4	104,0	112,9	104,1

өткен жылғы тиісті айға пайызбен, өсуі




#### Құрылыс материалдарының түрлері бойынша


	2013 жылғы желтоқсан			2013 жылғы қаңтар-желтоқсан 2012 жылғы қаңтар-желтоқсанға
	2013 жылғы қарашаға	2012 жылғы желтоқсанға	2010 жылғы желтоқсанға	
Кен өндіру өнеркәсібінің өнімдері	100,1	103,0	109,6	102,0
Сүрек және сүректен жасалған бұйымдар	99,9	101,3	104,3	100,9
Бояулар, лактар және соған ұқсас жабындар	99,8	102,9	108,0	102,3
Қыш тақтайшалар және тақталар	101,3	102,4	106,1	100,8
Портландцемент	99,8	100,3	108,9	103,9
Құрылыстық мақсатқа арналған бетоннан жасалған бұйымдар	99,9	102,9	109,2	102,2
Бетондар мен ерітінділер	100,5	105,7	109,7	104,1
Негізгі қара металдар	99,9	98,2	99,0	98,5
Жиналмалы құрылыс металл конструкциялары	99,8	96,7	106,7	97,8

## 5.5 ТҰРҒЫН ҮЙ РЫНОГЫНДАҒЫ БАҒА

### Жаңа тұрғын үйлерді сату бағасының өзгеруі



### Көркейтілген тұрғын үйлерді алып-сату бағасының өзгеруі




2013 жылғы желтоқсанда республика бойынша орта есеппен жаңа тұрғын үйлерді сату бағалары 0,4%, абаттандырылған тұрғын үйлерді алып сату – 0,6%-ға өсті.

	1 шаршы метрінің бағасы, теңге	2013 жылғы желтоқсан			2013 жылғы қаңтар-желтоқсан 2012 жылғы қаңтар-желтоқсанға
		2013 жылғы қарашаға	2012 жылғы желтоқсанға	2010 жылғы желтоқсанға	
Жаңа тұрғын үйлерді сату	189 124*	100,4	109,6	131,5	110,3
Көркейтілген тұрғын үйлерді алып-сату	147 380	100,6	113,8	138,7	116,0


\* Бастапқы, таза әрленген пәтерлердің жалпы ауданының бір шаршы метрінің бағасы.

### Тұрғын үй рыногындағы бағаның өзгеруі



## 5.6 КӨТЕРМЕ САУДА БАҒАЛАРЫНЫҢ ИНДЕКСІ


кезең соңына, өткен жылғы желтоқсанға пайызбен	
2012 жыл.....	108,1
2013 жыл.....	102,8
өткен айға пайызбен	
2012 жылғы желтоқсан.....	100,4
2013 жылғы желтоқсан.....	100,0



2013 жылғы желтоқсанда көтерме саудада сату бағасы картоп, сары майға – 3%-дан, көмірге – 2,9%, темекі және шоколад кәмпиттеріне – 1,2%-дан, сүт өнімдері, құс етіне – 0,5%-дан жоғарылауы, олардың қантқа – 1,4%, дизельдік отынға – 0,5%, жұмыртқа, ұнға – 0,4%-дан, бензин, сұйытылған пропан мен бутанға – 0,2%-дан төмендеуі белгіленді.

	2013 жылғы желтоқсан			2013 жылғы қаңтар-желтоқсан 2012 жылғы қаңтар-желтоқсанға
	2013 жылғы қарашаға	2012 жылғы желтоқсанға	2010 жылғы желтоқсанға	
<b>Тауарлар мен өнімдер - барлығы</b>	100,0	102,8	116,0	106,7
Тұтыну тауарлары	100,2	102,5	111,8	103,5
Аралық тұтыну өнімі	99,8	103,5	122,0	110,7
Өндіріс құралдары	100,1	99,5	103,2	99,6

### Түпкілікті мақсат бойынша жіктелген тауарлар




### Негізгі топтар бойынша

	2013 жылғы желтоқсан			2013 жылғы қаңтар-желтоқсан 2012 жылғы қаңтар-желтоқсанға
	2013 жылғы қарашаға	2012 жылғы желтоқсанға	2010 жылғы желтоқсанға	
Жаңа піскен жемістер мен көкөністер	100,2	92,4	97,1	108,4
Ет және ет өнімдері	100,1	96,3	123,7	102,1
Сүт өнімдері, жұмыртқа, майлар мен тоң майлар	100,3	103,4	113,1	102,6
Қант, шоколад, кондитерлік өнімдер	99,8	100,2	101,4	98,5
Ұн мен жармалар	99,6	96,9	109,1	119,7
Кофе, шай, какао және дәмдеуіштер	100,2	101,2	106,8	101,1
Автомобильдерге арналған бөлшектер мен жабдықтар	100,0	101,7	111,4	103,8
Ыдыстар мен тазалағыш құралдар	100,0	101,4	110,2	101,1
Фармацевтикалық және медициналық тауарлар және дәрі-дәрмектер	100,4	105,1	116,4	103,9
Қатты, сұйық және газ тәрізді отын	99,8	104,0	125,5	102,6
Химиялық тауарлар	100,0	104,1	118,0	100,5
Шиналар	100,0	98,4	119,1	100,2

## 5.7 ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРҒА КӨРСЕТІЛГЕН ЖҮК КӨЛІГІ, ПОЧТАЛЫҚ, КУРЬЕРЛІК ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ ТАРИФТЕРДІҢ ИНДЕКСТЕРІ

### Жүк көлігі қызметтеріне

кезең соңына, өткен жылғы желтоқсанға пайызбен	
2012 жыл.....	115,9
2013 жыл.....	102,4
өткен айға пайызбен	
2012 жылғы желтоқсан.....	104,5
2013 жылғы желтоқсан.....	100,0



### Жүк көлігінің түрлері бойынша


Ағымдағы жылғы желтоқсанда өткен аймен салыстырғанда автомобиль көлігімен жүк тасымалдау тарифтерінің 0,1%-ға төмендеуі белгіленген. Республика ішінде жүк жеткізу 0,2% арзандады, ал қаламаңылық қатынаста – 0,1% қымбаттады.

Теміржол, әуе, құбыр және ішкі су көліктерімен жүк тасымалдау тарифтері өзгерген жоқ.

	2013 жылғы желтоқсан			пайызбен
	2013 жылғы қарашаға	2012 жылғы желтоқсанға	2010 жылғы желтоқсанға	2013 жылғы қаңтар-желтоқсан 2012 жылғы қаңтар-желтоқсанға
<b>Жүк көлігі</b>	100,0	102,4	138,2	109,1
Автомобиль	99,9	101,4	110,1	103,7
Теміржол	100,0	101,7	141,9	105,1
Әуе	100,0	100,0	104,4	102,5
Құбыр	100,1	103,3	133,3	114,5
Ішкі су	100,0	100,4	120,3	102,3

### Почталық және курьерлік қызметтерге

кезең соңына, өткен жылғы желтоқсанға пайызбен	
2012 жыл.....	106,0
2013 жыл.....	100,4
өткен айға пайызбен	
2012 жылғы желтоқсан.....	100,0
2013 жылғы желтоқсан.....	100,0



### Байланыс қызметтеріне


кезең соңына, өткен жылғы желтоқсанға пайызбен	
2012 жыл.....	91,5
2013 жыл.....	94,2
өткен айға пайызбен	
2012 жылғы желтоқсан.....	99,9
2013 жылғы желтоқсан.....	96,1

### Почталық, курьерлік және байланыс қызметтерінің түрлері бойынша


	2013 жылғы желтоқсан			пайызбен
	2013 жылғы қарашаға	2012 жылғы желтоқсанға	2010 жылғы желтоқсанға	2013 жылғы қаңтар-желтоқсан 2012 жылғы қаңтар-желтоқсанға
Почталық және курьерлік қызметтері	100,0	100,4	104,4	105,7
Почталық қызметтері	100,0	103,1	120,6	116,9
Курьерлік қызметтері	100,0	98,7	94,6	98,3
Байланыс қызметтері	96,1	94,2	81,4	94,8
Қалалық телефон байланысы	99,8	99,9	97,7	99,6
Қалааралық телефон байланысы	100,0	99,6	96,7	98,2
Арналарды жалдау	100,0	98,6	98,9	99,5
Сымды желілер арқылы Интернетке қатынауды ұсыну бойынша қызметтері	94,8	86,9	58,8	84,8
Ұтқыр әрекетті байланыс қызметтері	100,0	100,2	95,1	100,4
Сымсыз желілер арқылы Интернетке қатынауды ұсыну бойынша қызметтер	100,0	88,2	82,3	88,8

## 5.8 СЫРТҚЫ САУДА БАҒАСЫНЫҢ ИНДЕКСІ

### Экспорттық жеткізілімдер



### Импорттық түсімдер



2013 жылғы қарашада экспорттық жеткізілімдер бағасының бидайға – 6,6%, ферроқорытпаларға – 3,7%, мұнайға – 0,1%-ға жоғарылауы, олардың газ конденсатына – 4,6%, көмірге – 2,2%, қорғасынға – 1,8%-ға төмендеуі тіркелді. Импортталатын өнімдерден құс еті – 19,1%, шай – 5,6%, күріш – 5,3%, дәрі-дәрмектер – 3,6%, қант – 2,1%-ға қымбаттады, аяқкиім – 10,2%, өсімдік майы - 7%, сүт өнімдері – 2,7%, кофе – 1,3%-ға арзанды.



	2012 жылғы қараша				пайызбен
	2013 жылғы қазанға	2012 жылғы қарашаға	2012 жылғы желтоқсанға	2010 жылғы желтоқсанға	2013 жылғы қаңтар-қараша 2012 жылғы қаңтар-қарашаға
<b>Экспорт - барлығы</b>	100,2	96,9	95,4	133,2	97,1
Шикізат	99,7	97,4	94,8	142,0	96,7
Жартылай дайын өнімдер	101,4	97,0	96,9	98,2	94,8
Дайын өнімдер	99,9	94,0	94,9	87,3	96,9
<b>Импорт - барлығы</b>	100,8	103,4	104,0	101,2	94,6
Шикізат	93,9	74,5	74,9	94,0	76,4
Жартылай дайын өнімдер	100,7	100,8	102,1	103,0	94,9
Дайын өнімдер	101,3	106,8	107,1	97,4	96,2

### Өнімдердің топтары бойынша

	пайызбен							
	Экспорттық жеткізілімдер				Импорттық түсімдер			
	2013 жылғы қараша				2013 жылғы қараша			
2013 жылғы қазанға	2012 жылғы қарашаға	2012 жылғы желтоқсанға	2010 жылғы желтоқсанға	2013 жылғы қазанға	2012 жылғы қарашаға	2012 жылғы желтоқсанға	2010 жылғы желтоқсанға	
Балық және шаян тәрізділер, былқылдақ денелілер мен басқа да су омыртқасыздары	85,2	126,3	119,1	92,3	103,4	90,4	98,8	101,9
Сүт өнімдері, құс жұмыртқасы	100,0	155,7	150,5	130,9	97,3	111,7	111,0	109,3
Дәнді дақылдар	106,6	73,7	71,4	64,3	105,3	111,2	111,0	62,6
Қант және қанттан жасалған кондитерлік өнімдер	99,6	102,4	100,0	108,3	107,7	106,2	104,8	112,5
Алкогольді ішімдіктер және алкогольсіз сусындар	92,8	84,2	89,3	83,7	103,7	93,2	92,8	95,7
Минералды өнімдер	99,9	98,8	96,1	141,3	96,9	76,5	76,7	90,5
Қара және түсті металдар	100,7	95,6	95,6	92,5	98,5	109,5	111,1	115,7
Химия өнеркәсібі өнімдері	102,2	96,6	96,8	98,1	101,9	114,7	115,8	99,1
Пластмасса және одан жасалған бұйымдар	80,8	80,0	80,1	89,3	98,5	99,2	100,2	106,0
Тоқыма және тоқыма бұйымдар	98,7	119,1	119,9	152,1	97,6	107,6	107,1	113,5

## 6. ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА

### 6.1 ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНДИКАТОР




Қысқа мерзімді экономикалық индикатор – экономиканың даму тенденцияларын сипаттайтын көрсеткіш. Оны есептеу жедел есептеуді қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады және ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс сияқты негізгі салалар бойынша шығарылым индекстерінің өзгеруіне негізделеді. Аталған салалардың ЖІӨ көлеміндегі үлесі 67-68%.

## 6.2 ЖАЛПЫ ІШКІ ӨНІМ

нақты көлем индексі, өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен

өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен

2012 жыл.....105,0  
2013 жылғы қаңтар-қыркүйек....105,7



### Тауарлар мен қызметтер өндірісі

өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен

2013 жылғы қаңтар-қыркүйектегі ЖІӨ-нің құрылымында тауарлар өндірісі 39,8%, қызметтер өндірісі 52,8% құрады. ЖІӨ-нің өндірісінде негізгі үлесті – 29,4% өнеркәсіп және 16% - көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу алып отыр.

	2013 жылғы қаңтар-қыркүйек		
	жалпы қосылған құн, млрд. теңге	нақты көлем индексі	дефлятор
Тауарлар өндірісі	9 288,6	102,5	105,5
Қызметтер өндірісі	12 248,0	107,6	109,3

### 2013 жылғы қаңтар-қыркүйектегі экономикалық қызмет түрлері бойынша жалпы ішкі өнім

өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен


	Жалпы қосылған құн, млрд. теңге	Нақты көлем индексі	Дефлятор	ЖІӨ құрылымы, қорытындыға пайызбен
<b>Жалпы ішкі өнім</b>	23 259,2	105,7	108,0	100,0
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	1 078,9	105,4	121,6	4,6
Өнеркәсіп	6 868,5	102,1	103,6	29,4
Құрылыс	1 341,2	102,5	104,0	5,8
Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	3 708,1	112,6	110,2	16,0
Көлік және қоймалау	1 698,6	107,8	109,8	7,3
Тұру және тамақтану бойынша қызметтер	198,5	105,9	106,6	0,9
Ақпарат және байланыс	554,7	112,7	98,2	2,4
Қаржы және сақтандыру қызметі	720,4	106,8	135,5	3,1
Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар	1 696,9	102,3	108,4	7,3
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	966,8	106,1	107,4	4,2
Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	404,8	108,3	103,1	1,8
Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамтамасыз ету	516,7	103,2	112,6	2,2
Білім беру	772,6	103,3	104,2	3,3
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер	492,0	101,5	104,7	2,1
Өнер, ойын-сауық және демалыс	151,3	106,4	105,6	0,7
Өзге де қызметтер түрлерін ұсыну	355,4	110,3	108,7	1,5
Үй қызметшісін жалдайтын және өзі тұтыну үшін тауарлар мен қызметтер өндіретін үй шаруашылықтары қызметі	11,2	77,6	106,2	0,0
Жалпы қосылған құн	21 536,6	105,3	107,6	92,6
Өнімдерге салынған салықтар	1 722,7	110,8	113,3	7,4

## ТҮПКІЛІКТІ ТҰТЫНУ ӘДІСІМЕН ЕСЕПТЕЛГЕН ЖАЛПЫ ІШКІ ӨНІМ

Түпкілікті тұтынуға шығыстар,  
өткен жылғы сәйкес кезеңге пайызбен

2012 жылғы қаңтар-наурыз.....112,6  
2012 жылғы қаңтар-маусым.....113,3

2013 жылғы қаңтар-наурыз.....110,4  
2013 жылғы қаңтар-маусым.....113,0



2013 жылғы қаңтар-маусымдағы түпкілікті тұтыну әдісімен есептелген жалпы ішкі өнім 13928,6 млрд. теңгені құрады. Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда нақты есептеуде түпкілікті тұтыну шығыстарының компоненттері бойынша өсім байқалады: үй шаруашылықтары – 16,8%, жалпы қорланым – 32,1%, үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар – 12,1% өсті.

тиісті кезеңге пайызбен

	ЖІӨ компоненттері, млн. теңге	Нақты көлем индексі	Дефлятор
Түпкілікті тұтынуға шығыстар	8 324 143,6	113,0	106,1
Жалпы қорланым	3 402 600,0	132,1	107,6
Тауарлар мен қызмет көрсету экспорты	6 559 780,6	90,3	99,9
Тауарлар мен қызмет көрсету импорты	4 357 946,8	108,4	101,7

### 2013 жылғы қаңтар-маусымдағы түпкілікті тұтыну әдісімен есептелген ЖІӨ

тиісті кезеңге пайызбен


	ЖІӨ компоненттері, млн. теңге	Нақты көлем индексі	Дефлятор	ЖІӨ құрылымы, қорытындыға пайызбен
Түпкілікті тұтынуға шығыстар	8 324 143,6	113,0	106,1	59,7
үй шаруашылықтары	6 459 595,6	116,8	107,7	46,3
мемлекеттік басқару	1 710 283,4	101,5	100,1	12,3
жеке тауарлар мен қызмет көрсетулер	998 247,9	100,9	105,3	7,2
ұжымдық қызмет көрсетулер	712 035,5	102,3	93,6	5,1
үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдар	154 264,6	112,1	107,6	1,1
Жалпы қорланым	3 402 600,0	132,1	107,6	24,5
негізгі капиталдың жалпы қорланымы	2 406 606,1	107,1	108,0	17,3
материалдық айналым құрал-жабдықтары қорларының өзгеруі	995 993,9		106,5	7,2
Таза экспорт	2 201 833,8			
тауарлар мен қызмет көрсету экспорты	6 559 780,6	90,3	99,9	15,8
тауарлар мен қызмет көрсету импорты	4 357 946,8	108,4	101,7	47,1
Түпкілікті тұтыну әдісімен есептелген жалпы ішкі өнім	13 928 577,4	105,0	104,8	31,3
Статистикалық алшақтық	224 138,3			
Өндіріс әдісімен есептелген жалпы ішкі өнім	14 152 715,7	105,1	107,4	100,0

\* Алдын ала деректер.

## ТАБЫСТАР ӘДІСІМЕН ЕСЕПТЕЛГЕН ЖАЛПЫ ІШКІ ӨНІМ

млрд. теңге

2012 жылғы қаңтар-наурыз.....	5 976,7
2012 жылғы қаңтар-маусым.....	12 535,9
2012 жылғы қаңтар-қыркүйек.....	20 378,2
2012 жыл.....	30 218,5
2013 жылғы қаңтар-наурыз.....	6 817,2
2013 жылғы қаңтар-маусым.....	14 152,7
2013 жылғы қаңтар-қыркүйек.....	23 259,2



Есепті деректер бойынша 2013 жылғы қаңтар-қыркүйектегі табыстардың құралуы құрылымында тауарлар өндірісі мен қызметтер өндірісіндегі еңбекақы төлеу үлесі тиісінше, 26,7% және 40,5% құрады, өндіріске салынатын басқа да салықтар үлесі тауарлар өндірісінде 2,4%, қызметтер өндірісінде 0,7% құрады, тиісінше жалпы пайда/жалпы аралас табыс үлесі 70,9% және 58,8% құрады.

қорытындыға пайызбен

	2012 жылғы қаңтар-қыркүйек	2013 жылғы қаңтар-қыркүйек
Жалпы ішкі өнім	100,0	100,0
Еңбекақы	32,2	32,0
Өндіріске және импортқа салықтар*	7,9	8,7
өндіріске басқа да салықтар	1,2	1,3
Жалпы пайда/жалпы аралас табыс	59,9	59,3

### 2013 жылғы қаңтар-қыркүйектегі экономикалық қызмет түрлері бойынша бастапқы табыстардың салалық құрылымы

пайызбен

	Жалпы қосылған құн	Оның ішінде		
		еңбекақы	өндіріске басқа да салықтар	жалпы пайда/жалпы аралас табыс
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	100,0	25,5	0,1	74,4
Өнеркәсіп	100,0	24,6	3,2	72,2
Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	100,0	16,2	4,3	79,5
Өңдеу өнеркәсібі	100,0	33,7	1,5	64,8
Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау	100,0	45,7	2,0	52,3
Сумен жабдықтау; көріз жүйесі, қалдықтардың жиналуын және таратылуын бақылау	100,0	49,8	2,3	47,9
Құрылыс	100,0	38,4	0,4	61,2
Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	100,0	31,8	0,3	67,9
Көлік және қоймалау	100,0	41,2	1,5	57,3
Тұру және тамақтану бойынша қызметтер	100,0	35,4	0,7	63,9
Ақпарат және байланыс	100,0	44,3	1,3	54,4
Қаржы және сақтандыру қызметі	100,0	34,8	1,2	64,0
Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар	100,0	9,2	0,7	90,1
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	100,0	55,6	0,8	43,6
Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	100,0	61,6	0,9	37,5
Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамтамасыз ету	100,0	66,9	0,0	33,1
Білім беру	100,0	83,3	0,2	16,5
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер	100,0	67,8	0,2	32,0
Өнер, ойын-сауық және демалыс	100,0	60,7	0,2	39,1
Өзге де қызметтер түрлерін ұсыну	100,0	43,6	0,3	56,1
Үй қызметшісін жалдайтын және өзі тұтыну үшін тауарлар мен қызметтер өндіретін үй шаруашылықтары қызметі	100,0	50,7	0,3	49,0
<b>Салалар бойынша жиыны</b>	100,0	34,6	1,4	64,0

\* Өндіріске және импортқа салықтар жалпы экономика бойынша салалық құрылымсыз есептеледі.


### 6.3 ТӨЛЕМ БАЛАНСЫ

(ҰБ деректері бойынша, бейтарап ұсыным)

#### Төлем балансының ағымдағы операциялар шоты бойынша сальдо

млн. АҚШ доллары  
 2012 жылғы III тоқсан.....-1 007,1  
 2013 жылғы III тоқсан.....-2 135,1

2013 жылғы III тоқсанда төлем балансының ағымдағы операциялар шоты бойынша теріс сальдо -2135,1 млн. АҚШ доллары мөлшерінде қалыптасты (2012 жылғы III тоқсанда нәтиже теріс мәнді болып, -1007,1 АҚШ долларын құрады).




стандарттық ұсыным, млн. АҚШ доллары

	2012				2013		
	I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан	IV тоқсан	I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан
Ағымдағы шот	2 200,4	2 348,9	-1 007,1	-2 901,7	1 941,9	-0,4	-2 135,1
Капиталмен операциялар есебі	0,8	8,1	1,9	4,7	-7,4	1,8	-0,8
Қаржылық шот	1 499,3	-717,3	-1 330,2	-2 812,9	938,5	-2 190,6	-3 902,1
Таза қателер және қалып қойғандар	-701,8	-3 074,3	-325,0	84,2	-996,0	-2 192,0	-1 766,2

#### Қаржылық шот

2013 жылғы III тоқсанда тікелей инвестициялармен жасалған операциялар бойынша сальдо -2002,7 млн. доллар (2012 жылғы III тоқсанда -3971,6 млн. доллар) құрады. Есепті кезеңде қаржылық активтерді таза алу 76,6 млн. долларды құрады, ал міндеттемелердің таза қабылдануы 2079,3 млн. долларды құрады.


2013 жылғы III тоқсанда портфельдік инвестициялармен жасалған операциялар нәтижесі 1400,7 млн. доллар (2012 жылғы III тоқсанда 3505,8 млн. доллар) құрады.




## 6.4 ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІНІҢ ИНДЕКСТЕРІ

өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен

2012 жылғы қаңтар-наурыз.....	101,3
2012 жылғы қаңтар-маусым.....	101,4
2012 жылғы қаңтар-қыркүйек.....	101,9
2012 жыл.....	102,8
2013 жылғы қаңтар-наурыз.....	103,8
2013 жылғы қаңтар-маусым.....	103,9
2013 жылғы қаңтар-қыркүйек.....	104,5



Жалпы экономика бойынша 2013 жылғы қаңтар-қыркүйектегі еңбек өнімділігінің индексі өткен жылғы тиісті кезеңге 104,5% құрады.




### Еңбек өнімділігінің индекстері

		өткен жылға тиісті кезеңге пайызбен
		2013 жылғы қаңтар-қыркүйек
<b>Жалпы экономика бойынша</b>		<b>104,5</b>
Тауарлар өндіру		104,0
Қызметтер өндіру		104,8

## 6.5 НЕГІЗГІ КАПИТАЛҒА САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАР

өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен

2012 жыл.....104,1  
2013 жылғы қаңтар-желтоқсан.....106,5




### Қаржыландыру көздері бойынша

2013 жылғы қаңтар-желтоқсанда шаруашылық жүргізуші субъектілердің меншікті қаражаттары инвестициялардың басым көздері болып қалуда, 2012 жылмен салыстырғанда олардың көлемі (салғастырмалы бағаларда) 3,5% өсті.

	2013 жылғы қаңтар-желтоқсан		2012 жыл	
	млн. теңге	үлес салмағы, пайызбен	млн. теңге	үлес салмағы, пайызбен
Негізгі капиталға салынған инвестициялар	6 052 907	100,0	5 473 161	100,0
соның ішінде келесі қаражаттар есебінен:				
мемлекеттік бюджет	1 014 755	16,8	1 137 937	20,8
меншікті	3 117 024	51,5	2 900 761	53,0
шетелдік	688 700	11,4	761 797	13,9
қарыз	1 232 428	20,3	672 666	12,3

### Технологиялық құрылым бойынша

2013 жылғы қаңтар-желтоқсанда 2012 жылмен салыстырғанда үйлер мен ғимараттарды салу және күрделі жөндеу жұмыстарына бағытталған инвестициялық салымдардың 11,8% ұлғаюы байқалады.




### Пайдалану бағыттары бойынша

2013 жылғы қаңтар-желтоқсанда негізгі капиталға салынған инвестициялардың едәуір үлесі кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу (29,9%), көлік және қоймалау (24%) және жылжымайтын мүлікпен жасалатын операцияларға (8,7%) келеді.



### Кәсіпорындардың мөлшерлілігі бойынша

Ірі кәсіпорындардың инвестициялық салымдарының көлемі 2013 жылғы қаңтар-желтоқсанда өткен жылмен салыстырғанда 18,6% өсіп, 3159 млрд. теңгені құрады.




## 6.6 ОТЫН-ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ РЕСУРСТАР (ОЭР)

### Ресурстар

2013 жылғы қаңтар-қарашада республиканың экономикалық айналымына тартылған отынның негізгі табиғи түрлерінің (мұнай, газ конденсатын қоса, табиғи газ бен тас көмір) жалпы ресурстары 185,9 млн. тонна шартты отынды құрады.

	Табиғи ресурстардың жалпы көлеміндегі үлес салмағы	2013 жылғы қаңтар-қараша 2012 жылғы қаңтар-қарашаға		
		ресурстар	өндіріс	импорт
Шикі мұнай	46,4	106,4	104,5	128,3
Көмір	34,3	98,2	98,1	138,6
Табиғи газ	11,7	97,1	101,2	117,4
Газ конденсаты	7,6	97,2	96,2	2,1 есе



Мұнай өнімдерінің ресурстары негізінен меншікті өндіріс (68,4-99,8%) есебінен қалыптасты. Мұнай өнімдеріне сұраныс олардың импортымен ішінара толықтырылған. 2013 жылғы қаңтар-қарашада 2012 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда ресурстар құрылымында импорты үлесінің дизельдік отынның (5 пайыздық тармаққа) өсуі, автомобиль бензинінің (3,7 пайыздық тармаққа), сондай-ақ мазуттың (0,6 пайыздық тармаққа) үлесінің төмендеуі байқалды.

	2013 жылғы қаңтар-қараша 2012 жылғы қаңтар-қарашаға		Ресурстардың жалпы көлеміне		
	ресурстар	өндіріс	импорт	экспорт	
Автомобиль бензині	98,8	68,4	31,6	0,1	
Газойльдер	114,9	90,3	9,7	5,5	
Мазут	113,2	78,0	4,6	100,0	
Сұйытылған пропан және бутан	105,2	99,8	0,2	97,8	
Керосин	81,4	91,1	8,9	2,9	


### Пайдалану

2013 жылғы қаңтар-қарашада 2012 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда ОЭР экспортының көлемі 0,1% өсті.


Мұнайды жеткізу көп деңгейде Италияға (25,9% экспорттың жалпы көлемінен), Қытайға (16,7%), Нидерландыға (13,5%), Францияға (9,3%), Австрияға (7,1%) жүзеге асырылады.

	2013 жылғы қаңтар-қараша 2012 жылғы қаңтар-қарашаға		Ресурстардың жалпы көлеміне	
	экспорт	ішкі нарықта өткізу	экспорт	ішкі нарықта өткізу
Шикі мұнай	100,8	193,5	89,1	10,9
Көмір	99,3	97,7	28,3	71,7
Табиғи газ	97,1	-	100,0	-
Газ конденсаты	119,7	94,9	11,7	88,3

### Шикі мұнай экспортының көлемі



## 6.7 БИЗНЕС ТІРКЕЛІМІ




### Қызмет түрлері және белсенділігі бойынша заңды тұлғалар\*

	Барлығы тіркелгені	жұмыс істейтіндер	Одан оның ішінде			таратылу процесінде
			әлі жұмыс істемейтіндер (жаңалары)	белсенді	уақытша жұмыс істемейтіндер	
Барлығы	338 981	183 322	22 475	112 244	48 603	4 650
Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	106 442	45 541	6 438	23 705	15 398	1 744
Құрылыс	46 850	25 089	3 929	11 301	9 859	823
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	25 498	13 669	1 624	7 583	4 462	266
Өңдеу өнеркәсібі	21 622	11 605	3 235	6 196	2 174	156
Өзге де қызметтер түрлерін ұсыну	19 786	10 500	962	6 289	3 249	358
Білім беру	17 808	15 245	629	14 015	601	131
Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар	16 277	9 861	588	7 096	2 177	186
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	12 989	6 732	367	4 773	1 592	248
Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	13 184	7 743	840	4 629	2 274	127
Көлік және қоймалау	12 542	7 058	1 020	4 177	1 861	170
Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамтамасыз ету	10 086	9 291	197	9 023	71	59
Қаржы және сақтандыру қызметі	8 706	4 954	577	3 033	1 344	60
Ақпарат және байланыс	7 520	4 200	698	2 249	1 253	80
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер	5 580	3 768	270	3 103	395	55
Өнер, ойын-сауық және демалыс	4 632	2 708	288	1 931	489	40
Тұру және тамақтану бойынша қызметтер	3 792	2 110	375	1 235	500	37
Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	2 534	1 489	259	749	481	38

Деректер ҚР МЖ 03-2007 ЭҚЖЖ жіктеуішіне сәйкес берілген.

2013 жылғы желтоқсанда қараша айымен салыстырғанда заңды тұлғалар санының көбеюі байқалады. Жыл басынан бастап ең көп тіркелген заңды тұлғалардың саны көтерме және бөлшек саудада, (автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу қызметін қоса алғанда) сақталуда, оның үлесі 2014 жылғы 1 қаңтарға 31,4% құрады. Екінші орында – құрылыс (13,8%), үшінші орында – кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет (7,5%). Осы үш қызмет түрлерінің жиынтық үлесі барлық тіркелген заңды тұлғалардың 53%-ын құрайды.

### Меншік нысандары бойынша тіркелген заңды тұлғалар



### Мөлшерлілігі бойынша тіркелген заңды тұлғалар


	бірлік	
	2013 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша	2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша
Барлығы	337 775	338 981
шағын	320 926	322 121
орта	14 405	14 427
ірі	2 444	2 433

### Белсенділігі бойынша тіркелген заңды тұлғалар

	бірлік	
	2013 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша	2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша
Барлығы	337 775	338 981
жұмыс істейтіндер	180 194	183 322
белсенді	116 203	112 244
уақытша жұмыс істемейтіндер	41 628	48 603
әлі жұмыс істемейтіндер (жаңалары)	22 363	22 475
таратылу процесінде	4 612	4 650

## 7.1 ІШКИ САУДА

### Бөлшек сауда




	Үлес салмағы	2013 жылғы желтоқсан 2012 жылғы желтоқсанға	2013 жылғы желтоқсан 2013 жылғы желтоқсанға	2013 жылғы қаңтар-желтоқсан 2012 жылғы қаңтар-желтоқсанға
Бөлшек сауда	100,0	114,2	126,9	112,8
сауда кәсіпорындарымен	52,7	117,8	139,3	117,9
базарларда және жеке кәсіпкерлермен	47,3	110,3	114,8	107,6

2013 жылғы қаңтар-желтоқсанда бөлшек сауда айналымы 5034,8 млрд. теңгені құрады және 2012 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 12,8% ұлғайды. Саудамен айналысатын кәсіпорындармен тауарларды бөлшек саудада өткізу 2012 жылғы қаңтар-желтоқсанмен салыстырғанда 17,9% өсті. Базарлар және жеке кәсіпкерлермен өткізілген сауда көлемі есепті кезеңде 7,6% өсті.

2014 жылғы 1 қаңтарға бөлшек саудадағы саудамен айналысатын кәсіпорындардың тауарлық қорларының көлемі 280,2 млрд. теңгені құрады, саудадағы күндері – 46 күн.

Азық-түлік тауарларының бөлшек сауда жалпы көлеміндегі үлесі 35,7% құрады, азық-түлік емес тауарлар – 64,3%. Азық-түлік тауарларын өткізу көлемі 2012 жылғы қаңтар-желтоқсанмен салыстырғанда 9,4%, азық-түлік емес тауарлар – 14,7% ұлғайды.



### Көтерме сауда

2013 жылғы қаңтар-желтоқсанда көтерме сауда айналымы 14104,7 млрд. теңгені құрады немесе өткен жылғы тиісті кезең деңгейіне 112,6%. Көтерме сауда тауар айналымының құрылымында азық-түлік емес тауарлар және өндірістік-техникалық мәндегі өнімдер (79,3%) басым.

### Тамақ өнімдері мен сусындарды ұсыну бойынша қызметтер (қоғамдық тамақтандыру)

Тамақ өнімдері мен сусындарды ұсыну бойынша қызметтер көлемі 2013 жылғы қаңтар-желтоқсанда 232,9 млрд. теңгені құрады немесе өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 7,4% көп. Шағын кәсіпорындар мен жеке кәсіпкерлер үлесіне қызметтер көлемінің шамамен 59,9%-ы тиесілі.

## 7.2 РЕСУРСТАР БАЛАНСЫ ЖӘНЕ ЖЕКЕЛЕГЕН ТАУАРЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

(КБК және СА деректері бойынша)

### Азық-түлік тауарлары

Отандық өндірістегі тауарлардың маңызды үлес салмағы көбінесе азық-түлік тауарларының ресурстарында байқалады. Сонымен бірге, ресурстары көп көлемде олардың импортымен қамтамасыз етілетін бірқатар өнімдер бар: қайта өңделген жемістер және жаңғақтар (98,7%), қайта өңделген көкөністер және саңырауқұлақтар (81,6%), кофе және шай (65,3%). Бір мезгілде ұн (ұн ресурсының жалпы көлемінен 52,7%), жарма (32,4%), макарон өнімдері (13,6%) бойынша едәуір экспорт көлемі байқалады. Бұл ретте есепті кезеңде жарма экспорты 2012 жылғы қаңтар-қарашамен салыстырғанда 19,8% өсті.

	2013 жылғы қаңтар-қараша 2012 жылғы қаңтар-қарашаға			Ресурстардың жалпы көлеміне пайызбен	
	ресурстар	өндіріс	импорт	экспорт	ішкі нарықта өткізу
Ұн	95,2	95,2	69,8	52,7	47,3
Жарма	97,9	104,2	71,2	32,4	67,6
Макарон өнімдері	105,4	104,3	111,4	13,6	86,4
Нан-тоқаш және кондитерлік өнімдер	105,2	105,8	99,5	0,7	99,3
Қант	97,7	2,4 есе	38,4	3,5	96,5
Өсімдік майы	101,7	95,1	122,0	7,9	92,1
Ет	89,7	112,0	75,3	0,4	99,6
Сүт өнімдері	118,0	123,0	100,4	2,7	97,3

ресурстардың жалпы көлеміне пайызбен



### Азық-түлік емес тауарлар


Азық-түлік емес тауарлардың нарығы көбінесе басқа елдерден әкелумен қамтамасыз етіледі. Ресурстарды толтыруда импорттың басымдылығы мынадай тауарларда: ауыз қуысы гигиена құралдары (99,6%), сыртқы киімдерде (99,4%), жуу құралдары (95,4%) байқалады. Тұрмыстық электр тауарларының арасында сондай-ақ, миксерлер және шырын сыққыштар (100%), кір жуатын машиналар (88,2%), теледидарлар (72,4%) бойынша импорт үлесі маңызды.

Құрылыс материалдарының ресурстары бойынша осыған ұқсас жағдай қалыптасуда. Табиғи шикізат болып табылатын құрылыс материалдарында ғана отандық өндіріс басым (ресурстардың жалпы көлемінің 99-100%): асбест, табиғи құмдар, әктас, ғаныш, бор, доломит, саз және каолин.

Портландцемент ресурстары 2013 жылғы қаңтар-қарашада 2012 жылғы тиісті кезеңге қарағанда 15%-ға жоғарылады, бұл өндіріс көлемінің (8,5%-ға) және импорттың (50,7%-ға) жоғарылауымен түсіндіріледі. Портландцемент ресурстарының жалпы көлемінде отандық өндірістің үлесі 79,6% құрады.


	2013 жылғы қаңтар-қараша 2012 жылғы қаңтар-қарашаға			Ресурстардың жалпы көлеміне пайызбен	
	ресурстар	өндіріс	импорт	экспорт	ішкі нарықта өткізу
Жеңіл автомобильдер	170,4	198,6	166,2	0,3	99,7
Жүк автомобильдері	149,6	114,1	152,3	4,3	95,7
Сыртқы киім	147,3	113,1	147,5	0,9	99,1
Электр энергия санауыштары	70,6	77,9	65,3	-	100,0
Теледидарлар	94,9	123,8	87,2	12,0	88,0
Мақта мата	100,3	106,6	96,0	33,6	66,4
Аяқ киім	157,3	67,7	159,1	17,2	82,8
Ас үй жиһазы	59,1	114,3	27,9	0,1	99,9
Үй ішіндегі құралжабдықтар	109,3	112,5	108,3	0,6	99,4

ресурстардың жалпы көлеміне пайызбен



### 7.3 СЫРТҚЫ САУДА АЙНАЛЫМЫ

(КБК деректері бойынша)




#### Сыртқы сауда айналымының құрылымы бойынша

пайызбен

2013 жылғы қаңтар-қарашадағы сыртқы сауда айналымы 120,4 млрд. АҚШ долларын құрады (2012 жылғы қаңтар-қарашамен салыстырғанда 0,9% аз), оның ішінде экспорт – 76,3 млрд. АҚШ доллары (3,9% аз) және импорт – 44,1 млрд. АҚШ доллары (5% өсті).


Экспорт Кеден одағы елдерімен 5435,2 млн. АҚШ долларын құрады немесе 2012 жылғы қаңтар-қарашамен салыстырғанда 5,3% аз, импорт – 16590,7 млн. АҚШ доллары (4,7% өсті).

	2013 жылғы қаңтар-қараша 2012 жылғы қаңтар-қарашаға	2013 жылғы қараша 2012 жылғы қарашаға
Сыртқы сауда айналымы	99,1	105,5
оның ішінде:		
экспорт	96,1	106,4
импорт	105,0	104,2




#### Жекелеген елдер бойынша

қорытындыға пайызбен



## 8. ЭКОНОМИКАНЫҢ НАҚТЫ СЕКТОРЫ


### 8.1 ӨНЕРКӘСІП ӨНДІРІСІ



#### Өнеркәсіп салалары бойынша

2013 жылғы қаңтар-желтоқсанда өнеркәсіп өнімі 18178,8 млрд. теңгеге, оның ішінде кен өндіру және өңдеу өнеркәсібі салаларында – тиісінше 10975,8 және 5882,5 млрд. теңгеге, электрмен жабдықтау, газ, бу беру, ауа баптауда – 1150,4 млрд. теңгеге, сумен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтардың жиналуын және таратылуын бақылауда – 170,1 млрд. теңгеге өндірілді.

	пайызбен	
	2013 жылғы қаңтар-желтоқсан 2012 жылға	Жалпы көлемде үлес салмағы, 2013 жылғы қаңтар-желтоқсан
<b>Өнеркәсіп</b>	102,3	100,0
Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	103,1	60,4
Өңдеу өнеркәсібі	101,6	32,4
Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау	100,9	6,3
Сумен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтардың жиналуын және таратылуын бақылау	87,1	0,9








#### Өңдеу өнеркәсібі салалары бойынша

	2013 жылғы қаңтар-желтоқсан, млрд. теңге	2013 жылғы қаңтар-желтоқсан 2012 жылға пайызбен
<b>Өңдеу өнеркәсібі</b>	5 882,5	101,6
Тамақ өнімдерін өндіру	973,0	104,2
Сусындарды өндіру	207,8	108,3
Темекі бұйымдарын өндіру	109,9	96,2
Жеңіл өнеркәсібі	65,3	99,1
Қағаз және қағаздан жасалған өнімдерді өндіру	30,2	106,8
Кокс және мұнай өңдеу өнімдерін өндіру	818,1	101,5
Химиялық өнеркәсіп өнімдерін өндіру	184,9	103,3
Резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіру	142,9	102,5
Өзге де металл емес минералды өнімдер өндіру	397,4	111,8
Металлургия өнеркәсібі	1 772,1	95,1
Машина жасау	853,9	114,6


**Заттай көріністе өнеркәсіп өнімдерін өндіру**

	2013 жылғы қаңтар-желтоқсан	2012 жыл
<b>Көмір және лигнит өндіру</b>		
Көмір - барлығы, мың тонна	119 860,1	120 527,6
<b>Шикі мұнай және табиғи газ өндіру</b>		
Мұнай, мың тонна	69 430,4	66 476,0
Газ конденсаты, мың тонна	12 301,0	12 749,3
Табиғи газ, млн. текше метр	41 911,6	40 300,3
<b>Металл кендерін өндіру</b>		
Темір кені, мың тонна	51 758,5	52 613,6
Мыс кені, мың тонна	41 731,7	38 905,8
Қорғасын-мырыш кені, мың тонна	7 255,7	7 701,0
Хром қойыртпалары, мың тонна	4 193,2	3 945,6
<b>Тамақ өнімдерін өндіру</b>		
Ет, тонна	214 825	187 985
Сүт, тонна	476 842	372 497
Ұн, тонна	3 871 753	4 008 951
Нан, тонна	725 491	685 119
Жарма, тонна	40 269	40 222
<b>Мұнайды қайта өңдеу өнімдерін өндіру</b>		
Бензин, мың тонна	2 741,4	2 876,8
Керосин, мың тонна	136,4	91,9
Сұйытылған пропан және бутан мың тонна	2 082,9	1 966,2
Газойлдер, мың тонна	5 147,5	4 714,0
Мазут, мың тонна	3 739,9	3 935,8
<b>Металлургия өнеркәсібі</b>		
Ферроқорытпалар, тонна	1 707 512	1 724 065
Жазық илек, тонна	2 276 896	2 402 347
Тазартылған қорғасын, тонна	90 750	88 099
Мырыш, тонна	319 897	319 847
Тазартылған мыс, тонна	350 837	367 160
<b>Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау</b>		
Электр энергиясы, млн. кВт. с	91 887,5	90 613,9
Жылу энергиясы, мың Гкал	98 401,3	103 348,8
<b>Сумен жабдықтау, кәріз жүйесі, қалдықтардың жиналуын және таратылуын бақылау</b>		
Табиғи су, млн. текше метр	1 656,0	1 670,4



## 8.2 АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

### Ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы



### Ауыл шаруашылығы салалары бойынша

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы 2013 жылғы қаңтар-желтоқсанда 2457 млрд. теңгені құрады, соның ішінде өсімдік шаруашылығы – 1355,5 млрд. теңге, мал шаруашылығы – 1095,5 млрд. теңге, қызметтер – 6 млрд. теңге.

	пайызбен	
	2013 жылғы қаңтар-желтоқсан 2012 жылға	2012 жылғы қаңтар-желтоқсан 2011 жылға
Ауыл шаруашылығы одан:	111,6	82,2
өсімдік шаруашылығының өнімі	122,5	72,4
мал шаруашылығының өнімі	101,1	96,2

	Өлшем бірлігі	2013 жылғы қаңтар-желтоқсан	2012 жылғы пайызбен
Ауыл шаруашылығы малдары мен құстарының негізгі түрлерінің саны*			
Ірі қара мал	мың бас	5 760,9	101,2
Қой	мың бас	15 129,0	99,9
Ешкі	мың бас	2 401,5	96,2
Шошқа	мың бас	923,7	89,5
Жылқы	мың бас	1 703,3	101,0
Құс	мың бас	34 409,7	102,8
Мал шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерін өндіру			
Мал мен құстың барлық түрлерінің тірідей салмақта шаруашылықта сойылғаны немесе союға өткізілгені	мың тонна	1 648,5	100,7
Сауылған сиыр сүті	мың тонна	4 888,0	101,5
Алынған тауық жұмыртқалары	млн. дана	3 884,4	106,3
Мал мен құстың өнімділігі			
Бір сиырдан сауылған орташа сүт сауымы	кг	2 249	101,5
Бір мекиеннің орташа жұмыртқалағыштығы	дана	222	102,8

\* 2014 жылғы 1 қаңтарға.


### 8.3 ҚҰРЫЛЫС

#### Орындалған құрылыс жұмыстарының көлемі

өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен

2012 жыл.....103,1  
2013 жылғы қаңтар-желтоқсан...103,0

2013 жылғы қаңтар-желтоқсанда құрылыс жұмыстарының (қызметтерінің) көлемі 2429,4 млрд. теңгені құрады.



#### Құрылыс жұмыстарының жеке түрлері


Құрылыс жұмыстарының жалпы көлемінде едәуір үлес салмағының көлемін 685,3 млрд. теңгені құраған ғимараттарды салу бойынша жұмыстар алды.



#### Құрылыс жұмыстары көлемінің құрылымы

Құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі 2012 жылмен салыстырғанда 6,8% көбейіп, 2076,4 млрд. теңгені құрады. Күрделі және ағымдағы жөндеу бойынша құрылыс жұмыстарының көлемі өткен жылмен салыстырғанда тиісінше 10,3% және 20,7% төмендеді.

жалпы көлемге пайызбен, 2013 жылғы қаңтар-желтоқсан




#### Объектілерді пайдалануға беру

2013 жылғы қаңтар-желтоқсанда 28698 жаңа ғимараттардың құрылысы аяқталды, олардың ішінен 24674 тұрғын және 4024 тұрғын емес мақсаттағы ғимараттар.

Пайдалануға берілген әлеуметтік-мәдени объектілер:

- жалпы білім беретін мектептер - 119;
- мектепке дейінгі мекемелер - 92;
- ауруханалар – 5;
- амбулаториялық-емханалық мекемелер – 157.



## 8.4 ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ


### Тұрғын үй құрылысына салынған инвестициялар

өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен

2012 жыл.....96,4  
2013 жылғы қаңтар-желтоқсан...107,4


2013 жылғы қаңтар-желтоқсанда тұрғын үй құрылысына 477,8 млрд. теңге салынды. Негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемінде тұрғын үй құрылысында игерілген қаражаттың үлесі 7,9% құрады.

2013 жылғы қаңтар-желтоқсанда тұрғын үй құрылысының негізгі қаржыландыру көзінің үлес салмағы 58,9% құрайтын салушылардың меншікті қаражаты болды.



### Тұрғын жайларды пайдалануға беру

жалпы алаңы мың шаршы метр




### Пайдалануға берілген тұрғын үйдің нақты көлем индексі

өткен жылғы тиісті айға пайызбен

2013 жылғы қаңтар-желтоқсандағы пайдалануға берілген тұрғын үйдің жалпы алаңы 6844,3 мың шаршы метрді, оның ішінде халық салған 3587,3 мың шаршы метрді құрады. Пайдалануға берілген тұрғын үйдің нақты көлемінің индексі 2012 жылға 101,5% құрады.


2013 жылғы қаңтар-желтоқсанда көп пәтерлі тұрғын үй құрылысының 1 шаршы метрінің орташа нақты шығындары 95,2 мың теңгені және халық салған тұрғын үйдің шаршы метрі 58,4 мың теңгені құрады.



## 8.5 КӨЛІК

### Жүк айналымы

өткен айға пайызбен	
2012 жыл.....	106,5
өткен айға пайызбен	
2012 жылғы желтоқсан.....	101,5
2013 жылғы желтоқсан.....	101,0
тиісті айға пайызбен	
2012 жылғы желтоқсан.....	94,6
2013 жылғы желтоқсан.....	109,9
тиісті кезеңге пайызбен	
2012 жылғы қаңтар-желтоқсан...	107,0
2013 жылғы қаңтар-желтоқсан...	103,8



### Көлік түрлері бойынша

2013 жылғы желтоқсанда өткен жылғы тиісті аймен салыстырғанда жүк айналымы 9,9% өсті, жүк айналымының жалпы көлеміндегі үлесі сәйкесінше 48,5%, 29,8% және 21,2% құрайтын теміржол, автомобиль және құбыр көлік-теріндегі жүк ағымының жоғарылауы есебінен.

	Үлес салмағы	пайызбен	
		2013 жылғы желтоқсан 2013 жылғы қарашаға	2013 жылғы желтоқсан 2012 жылғы желтоқсанға
Жүк айналымы	100	101,0	109,9
оның ішінде:			
теміржол	48,5	104,7	119,3
құбыр	21,2	101,7	103,3
автомобиль	29,8	95,8	101,7
теңіз	0,5	68,3	106,0
өуе	0,01	107,0	92,6
өзен	0,00	0,0	50,0




### Көлік түрлері бойынша негізгі көрсеткіштері

	Жүк тасымалдау, мың тонна		Жүк айналымы, млн. ткм	
	2013 жылғы қаңтар-желтоқсан	2013 жылғы қаңтар-желтоқсан 2012 жылғы қаңтар-желтоқсанға пайызбен	2013 жылғы қаңтар-желтоқсан	2013 жылғы қаңтар-желтоқсан 2012 жылғы қаңтар-желтоқсанға пайызбен
Көліктің барлық түрлері	3 497 918,5	108,6	493 226,5	103,8
оның ішінде:				
теміржол	289 349,5	99,5	229 142,2	98,4
автомобиль	2 982 660,8	109,7	145 202,5	109,8
құбыр	220 807,0	106,5	116 076,9	108,3
оның ішінде:				
мұнай	116 280,2	108,1	65 013,2	106,6
газ	104 526,8	104,8	51 063,7	110,5
теңіз	3 984,5	98,4	2 709,4	98,4
өуе	24,0	122,2	63,2	115,2
өзен	1 092,7	85,8	32,3	52,2

### Жолаушылар айналымы


өткен жылға пайызбен	
2012 жыл.....	112,8
өткен айға пайызбен	
2012 жылғы желтоқсан.....	102,6
2013 жылғы желтоқсан.....	103,4
тиісті айға пайызбен	
2012 жылғы желтоқсан.....	99,1
2013 жылғы желтоқсан.....	110,9
тиісті кезеңге пайызбен	
2012 жылғы қаңтар-желтоқсан...	112,2
2013 жылғы қаңтар-желтоқсан...	110,6



### Көлік түрлері бойынша

2013 жылғы желтоқсанда өткен жылғы тиісті аймен салыстырғанда жолаушылар айналымының артуы (10,9%), көбінесе, автомобиль, теміржол және әуе көлігінде жолаушылар ағымының өсуіне байланысты болды.

	Үлес салмағы	2013 жылғы желтоқсан 2013 жылғы қарашаға	2013 жылғы желтоқсан 2012 жылғы желтоқсанға
Жолаушылар айналымы	100	103,4	110,9
соның ішінде:			
автомобиль	86,8	101,3	110,3
теміржол	9,7	130,0	116,4
әуе	3,4	99,4	111,7
электр	0,12	87,8	106,0
өзен	0,0	-	-




### Көлік түрлері бойынша негізгі көрсеткіштері


	Жолаушылар тасымалдау, мың адам		Жолаушылар айналымы, млн жкм	
	2013 жылғы қаңтар-желтоқсан	2013 жылғы қаңтар-желтоқсан 2012 жылғы қаңтар-желтоқсанға пайызбен	2013 жылғы қаңтар-желтоқсан	2013 жылғы қаңтар-желтоқсан 2012 жылғы қаңтар-желтоқсанға пайызбен
Көліктің барлық түрлері соның ішінде:	20 001 480,2	108,2	233 753,4	110,6
теміржол	28 452,3	117,9	20 619,0	108,1
автомобиль	19 903 023,7	108,3	203 117,0	111,0
әуе	4 993,0	109,5	9 704,7	110,3
электр	64 918,3	85,9	311,7	94,1
өзен	92,9	95,4	1,0	54,4

## 8.6 ПОЧТАЛЫҚ ЖӘНЕ КУРЬЕРЛІК ҚЫЗМЕТ. БАЙЛАНЫС

### Почталық және курьерлік қызмет




### Байланыс



### Байланыс қызметтерінің түрлері бойынша

2013 жылғы қаңтар-желтоқсанда байланыс қызметтерінен түскен табыстардың өсуі жедел әрекетті байланыс қызметтерінен және Интернет қызметтерінен түскен табыстардың өсуінен болды, олардың үлес салмағы байланыс қызметтерінен түскен табыстардың жалпы көлемінің тиісінше 47,7% және 21,3%-ын құрады.

	Үлес салмағы	2013 жылғы қаңтар-желтоқсан, млн. теңге	2013 жылғы желтоқсан 2013 жылғы қарашаға	2013 жылғы желтоқсан 2012 жылғы желтоқсанға	2013 жылғы қаңтар-желтоқсан 2012 жылғы қаңтар-желтоқсанға
<b>Байланыс қызметтерінен түскен табыстар, барлығы</b>	100,0	643 490,5	98,9	111,2	114,0
Жедел әрекетті байланыс	47,7	307 098,0	95,5	111,7	111,3
Интернет	21,3	136 952,4	104,3	125,0	139,0
Өзге де байланыс қызметтері	10,5	67 836,6	111,9	101,9	103,8
Қалааралық телефон байланысы	8,0	51 250,4	100,4	91,9	93,8
Жергілікті телефон байланысы	6,6	42 495,7	96,4	111,9	106,1
Деректерді табыстау	3,1	19 875,4	103,0	128,3	139,6
Сымсыз желілері және спутник, кабельді инфрақұрылым арқылы бағдарламаларды тарату	2,8	17 982,0	102,6	100,4	123,1
Жалпы табыстардан - халыққа байланыс қызметтерін көрсетуден	67,0	431 425,3	97,6	100,3	100,1



## 8.7 ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК МОНИТОРИНГІ<sup>1)</sup>

### ШОК субъектілерінің саны


өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен  
 2013 жылғы 1 қаңтарға.....95,7  
 2014 жылғы 1 қаңтарға.....107,6

### Жұмыспен қамтылғандар саны

өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен  
 2013 жылғы 1 қаңтарға.....98,2  
 2014 жылғы 1 қаңтарға.....108,4

### Өнім шығарылымы (тауарлар мен қызмет көрсетулер)

өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен  
 2012 жылғы қаңтар-желтоқсан..103,3  
 2013 жылғы қаңтар-желтоқсан..103,3




### ШОК қызметінің көрсеткіштері құрылымы

2013 жылғы қаңтар-желтоқсанда ШОК субъектілерінің өнім (тауарлар мен қызмет көрсетулер) шығарылымы 9019,7 млрд. теңгені құрады.

Нарықтағы белсенді жұмыс істейтін ШОК субъектілерінің саны 2014 жылғы 1 қаңтарға 871,5 мың бірлікті құрады.

ШОК-та жұмыспен белсенді қамтылғандар саны 2014 жылғы 1 қаңтарға 2635,6 мың адамды құрады.



### ШОК субъектілері

Дербес шоттардың негізінде қалыптасқан ҚМ СК деректері бойынша жұмыс істейтін дара кәсіпкерлердің ең көп саны Алматы қаласында (16,1%), Оңтүстік Қазақстан (10,2%), Шығыс Қазақстан (8,9%), Алматы (жалпы санынан 7,6%) облыстарында шоғырланған.

Статистикалық тіркелімнің деректері бойынша белсенді жұмыс істейтін шаруа (фермер) қожалықтарының едәуір саны Оңтүстік Қазақстан (33,5%), Алматы (30%), Жамбыл (9,3%) және Шығыс Қазақстан (8%) облыстарында белгіленген.


	Жұмыспен қамтылғандар саны	Өнім шығарылымы
	2014 жылғы 1 қаңтарда 2013 жылғы 1 қаңтарға пайызбен	2013 жылғы қаңтар-желтоқсан 2012 жылғы қаңтар-желтоқсанға пайызбен
Барлығы	108,4	103,3
шағын кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар	110,6	97,6
орта кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар	102,5	100,2
дара кәсіпкерлер	115,9	119,0
шаруа (фермер) қожалықтары	97,7	117,0

**ШОК секторының дамуы**

2012 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 2013 жылғы қаңтар-желтоқсанда ШОК субъектілерінің өнім (тауарлар, қызмет көрсетулер) шығарылымының көбеюі барлық облыстарда байқалды.

**Өнім шығарылымының өзгеруі**

өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен, (+) өсуі




**Кейбір салалардың ШОК субъектілерімен өнім шығарылымындағы үлесі**

	пайызбен	
	2012 жылғы қаңтар-желтоқсан	2013 жылғы қаңтар-желтоқсан
Барлығы	100,0	100,0
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	10,0	12,1
Өнеркәсіп	17,2	16,3
Құрылыс	19,9	20,0
Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	22,7	22,7
Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар	3,0	3,1
Басқа да салалар	27,2	25,8

**Белсенді ШОК субъектілері санының өзгеруі**

өткен жылғы тиісті күнге пайызбен



**2014 жылғы 1 қаңтарға ШОК субъектілерінің саны**

	Тіркелген ШОК субъектілерінің барлығы	Оның ішінде			Белсенді ШОК субъектілерінің барлығы	Оның ішінде		
		ШОК заңды тұлғалары	жеке кәсіпкерлер <sup>1)</sup>	шаруа (фермер) қожалықтары		ШОК заңды тұлғалары	жеке кәсіпкерлер <sup>2)</sup>	шаруа (фермер) қожалықтары
<b>Қазақстан Республикасы</b>	1 541 885	260 355	1 086 460	195 070	871 497	69 388	637 686	164 423
Ақмола	63 240	7 597	51 682	3 961	33 607	2 605	27 556	3 446
Ақтөбе	57 566	9 946	43 172	4 448	37 298	3 984	28 896	4 418
Алматы	187 628	12 044	124 715	50 869	100 736	2 977	48 511	49 248
Атырау	53 721	7 826	44 155	1 740	31 947	2 459	27 867	1 621
Батыс Қазақстан	45 535	5 315	36 099	4 121	29 152	2 023	23 402	3 727
Жамбыл	83 067	6 217	60 220	16 630	41 863	1 645	24 858	15 360
Қарағанды	98 965	17 884	75 408	5 673	62 151	5 449	51 618	5 084
Қостанай	77 568	8 668	62 843	6 057	43 731	3 465	35 319	4 947
Қызылорда	43 963	5 310	35 976	2 677	25 828	2 304	22 066	1 458
Маңғыстау	49 679	8 864	39 680	1 135	31 500	2 623	27 987	890
Оңтүстік Қазақстан	214 729	22 976	115 174	76 579	125 808	5 295	65 351	55 162
Павлодар	53 682	9 572	40 359	3 751	32 135	3 186	26 012	2 937
Солтүстік Қазақстан	41 219	5 625	32 343	3 251	25 181	2 130	20 047	3 004
Шығыс Қазақстан	138 487	14 046	110 309	14 132	75 776	5 856	56 816	13 104
Астана қ.	107 981	36 166	71 804	11	55 435	6 823	48 607	5
Алматы қ.	224 855	82 299	142 521	35	119 349	16 564	102 773	12


<sup>1)</sup> Жедел ақпарат бойынша.

<sup>2)</sup> Статистикалық бизнес-тіркелім деректері.

<sup>3)</sup> Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің деректері негізінде жұмыс істеп тұрған ДК барлығы (ауыл шаруашылығы өндірушілерінің).

## 8.8 ИСКЕРЛІК ЖӘНЕ ТҰТЫНУШЫЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІК

### Кәсіпкерліктің сенімділік индексі



2013 жылғы желтоқсанда сұралған өнеркәсіп кәсіпорындарының іскерлік белсенділігін сипаттайтын кәсіпкерліктің сенімділік индексі өткен аймен салыстырғанда 6 пайыздық тармаққа төмендеді және (+3)% құрады, сонымен қатар сауда кәсіпорындарының іскерлік белсенділігін сипаттайтын кәсіпкерліктің сенімділік индексі өткен аймен салыстырғанда 3 пайыздық тармаққа кеміді және (+9)% құрады.

Жақындағы 2-3 айда сұралған кәсіпорындардың іскерлік белсенділігінің өсуі күтіледі.


	Кәсіпорындар зерттелді, бірлік	Кәсіпкерлік сенімділік индексі, пайызбен	
		2012 жылғы желтоқсан	2013 жылғы желтоқсан
Өнеркәсіп	855	+5	+3
Кен өндіру	106	-6	-11
Өңдеу	587	0	-3
Электрмен жабдықтау, сумен жабдықтау	162	+29	+32
Сауда	1 500	0	+9
Көтерме	851	+1	+9
Бөлшек	641	-1	+10
Сауда делдалдығы	8	-21	+12

2013 жылғы желтоқсанда 86% сауда кәсіпорындардың басшылары өз экономикалық жағдайын «жақсы» және «қанағаттанарлық» деп сипаттаған (2013 жылғы қарашада - 84%).

Бұл ретте 2014 жылғы наурызға дейін ағымдағы уақытпен салыстырғанда, 69% кәсіпорын өзінің қаржылық – шаруашылық қызметінің өзгеріссіз қалуын, 20% - жақсаруын және 10% - нашарлайтындығын күтеді.

### Тұтынушылық белсенділікті бағалау

2013 жылғы желтоқсанда 1600 респонденттерді - қала және ауыл халқының өкілдерін, фирмалар мен банкердің, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың қызметкерлерін, үй шаруасындағы әйелдерді және зейнеткерлерді және т.с.с. кезекті зерттеу өткізілді. Зерттеудің негізгі мақсаты - ел экономикасындағы және жеке үй шаруашылығындағы өзгерістер туралы тұтынушылардың субъективті пікірлерін анықтау. Бұдан басқа, зерттеу нәтижелері тұтынушылардың ұзақ пайдаланылатын тауарларды сатып алу тілегі туралы ақпаратты береді.



2013 жылғы желтоқсанда респонденттердің 31%-ы соңғы 12 ай ішінде еліміздегі экономикалық жағдайдың жақсарғанын атап өтті, сол уақытта респонденттердің 14%-ы жағдайдың нашарлағанын хабарлады. Респонденттердің үштен бірінен азы (30%) алдағы 12 айда елдегі жалпы экономикалық жағдайдың одан әрі жақсаратынын күтеді, ал 14%-ы жағдайдың нашарлауы мүмкін деп есептейді.

2013 жылғы желтоқсанда жеке үй шаруашылығындағы қаржы жағдайының жақсарғанын 32% респонденттер хабарлады, сонымен бірге, респонденттердің 14%-ы өз үй шаруашылығындағы қаржы-экономикалық жағдайдың нашарлағанын атап өтті. Алдымыздағы 12 айдың ішінде үй шаруашылығындағы ақшалай қорланым сомасының өсу мүмкіндігін сұралған тұтынушылардың 16%-ы атап өтсе, 22%-ы оның кемитінін айтты.

	пайызбен			
	Елдегі экономикалық ахуал		Үй шаруашылығындағы ақша жинақтары	
	2011 жылғы желтоқсан-2012 жылғы желтоқсан	2012 жылғы желтоқсан-2013 жылғы желтоқсан	2011 жылғы желтоқсан-2012 жылғы желтоқсан	2012 жылғы желтоқсан-2013 жылғы желтоқсан
Жақсару	33	31	34	32
Нашарлау	13	14	13	14
Жақсаруды күту	33	30	19	16
Нашарлауды күту	12	14	18	22

«Тұтынушылардың сезіну индексі» сұралған респонденттердің ел экономикасында соңғы 12 ай ішінде болған өзгерістер туралы өзіндік пікірін көрсетеді.

«Экономикалық ахуал индексі» тұтынушылардың келесі 12 айда елде болатын экономикалық жағдайы туралы өзіндік пікірін көрсетеді

«Сатып алу тілегінің индексі» респонденттердің меншікті үй шаруашылығындағы қаржы-экономикалық жағдайын көрсетеді және үй шаруашылықтарының ұзақ пайдаланатын тауарларға сұраныс индикаторы болып табылады.


## 9. ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ

### 9.1 МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫ

(ҚМ деректері бойынша)

2013 жылғы қаңтар-қараша млрд. теңге

Табыстар.....5 797,2  
Шығындар.....5 983,7  
Таза бюджеттік несиелеу.....85,5  
Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо.....121,7  
Бюджет тапшылығы (профициті).....-393,7



#### 2013 жылғы қаңтар-қарашадағы бюджет табыстары

	Мемлекеттік бюджет			Республикалық бюджет			Жергілікті бюджет		
	млрд. теңге	үлес салмағы, пайызбен	2013 жылғы қаңтар-қараша 2012 жылғы қаңтар-қарашаға, пайызбен	млрд. теңге	үлес салмағы, пайызбен	2013 жылғы қаңтар-қараша 2012 жылғы қаңтар-қарашаға, пайызбен	млрд. теңге	үлес салмағы, пайызбен	2013 жылғы қаңтар-қараша 2012 жылғы қаңтар-қарашаға, пайызбен
Табыстар	5 797,2	100,0	107,2	4 713,4	100,0	105,8	3 004,8	100,0	108,8
Салық түсімдері	4 235,1	73,1	114,1	3 081,4	65,4	114,3	1 153,7	38,4	113,5
Салықтық емес түсімдер	128,3	2,2	47,0	92,8	2,0	38,4	35,7	1,2	113,7
Негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер	42,4	0,7	102,0	4,1	0,1	41,2	38,3	1,3	121,1
Трансферттер түсімдері	1 391,4	24,0	100,8	1 535,1	32,5	101,9	1 777,1	59,1	105,7

#### 2013 жылғы қаңтар-қарашадағы мемлекеттік бюджеттің салық түсімдері



#### 2013 жылғы қаңтар-қарашадағы бюджет шығындары

